



Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі
Ғылым комитеті
Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты

Министерство образования и науки
Республики Казахстан
Комитет науки
Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова


Академик Р.Б.Сүлейменовтің 90 жылдығына
арналған «АКАДЕМИК РАМАЗАН БИМАСҰЛЫ
СҮЛЕЙМЕНОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХ
ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУЫ» атты республикалық
ғылыми-тәжірибелік конференция
материалдар жинағы

22 қыркүйек 2021 ж.

Сборник материалов республиканской научно-
практической конференции «АКАДЕМИК
РАМАЗАН БИМАСШЕВИЧ СУЛЕЙМЕНОВ И
РАЗВИТИЕ ИСТОРИЧЕСКОЙ НАУКИ
КАЗАХСТАНА» посвященной 90-летию академика
Р.Б.Сулейменова

22 сентября 2021 г.

АЛМАТЫ 2021



Рамазан Бимашұлы Сүлейменов

**Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі
Ғылым комитеті
Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты**

**Министерство образования и науки
Республики Казахстан
Комитет науки
Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова**

**Академик Р.Б.Сүлейменовтің 90 жылдығына арналған
«АКАДЕМИК РАМАЗАН БИМАСҰЛЫ СҮЛЕЙМЕНОВ
ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУЫ» атты
республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар
жинағы**

22 қыркүйек 2021 ж.

**Сборник материалов республиканской научно-практической
конференции «АКАДЕМИК РАМАЗАН БИМАСШЕВИЧ
СУЛЕЙМЕНОВ И РАЗВИТИЕ ИСТОРИЧЕСКОЙ НАУКИ
КАЗАХСТАНА» посвященной 90-летию академика
Р.Б.Сулейменова**

22 сентября 2021 г.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

АЛМАТЫ 2021

УДК 94 (574)
ББК 63.3 (5Қаз)
А 33

Редакция алқасы:

Д. Мәсімханұлы (төраға), Х. М. Әбжанов, М.Қ. Әбусейітова, Ғ.М. Дүйсен, Е.Қ. Белғожа

А 33 «АКАДЕМИК РАМАЗАН БИМАСҰЛЫ СҮЛЕЙМЕНОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУЫ» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы / Редакциясын басқарған Д. Мәсімханұлы. Құрастырушы: А.Д. Тұрлығожаева. – Алматы: Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, 2021. – 111 б.

ISBN 978-601-08-1598-8

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының 2021 жылдың 22 қыркүйегінде өткен тарихшы, шығыстанушы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚазССР ҒА академигі, мәдениет мәселелерін зерттеуші, Шығыстану институтының негізін қалаушы, Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтындағы Қазақстан мәдениеті тарихы бөлімінің алғашқы меңгерушісі Р.Б. Сүлейменовтің 90 жылдық мерейтойына арналған «Академик Рамазан Бимасұлы Сүлейменов және Қазақстан тарих ғылымының дамуы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары жинағы. Бұл жинаққа конференцияға қатысушылардың баяндамалары топтастырылған. Мұндағы еңбектердің денінде академик Р.Б. Сүлейменовтің өмір жолы мен Қазақстан ғылымына қосқан зор үлесі сөз болады.

Мақала мазмұнына автор жауапты.

Редакционная коллегия:

Д. Масимханулы (председатель), Х. М. Абжанов, М.Х. Әбусейітова, Ғ.М. Дуйсен, Е.К. Белгожа

Сборник материалов республиканской научно-практической конференции «АКАДЕМИК РАМАЗАН БИМАСШЕВИЧ СУЛЕЙМЕНОВ И РАЗВИТИЕ ИСТОРИЧЕСКОЙ НАУКИ КАЗАХСТАНА» / Под ред. Д. Масимханулы. Составитель: А.Д. Турлыгожаева. – Алматы: Институт Востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, 2021. –111 с.

ISBN 978-601-08-1598-8

Сборник материалов республиканской научно-практической конференции «Академик Рамазан Бимашевич Сулейменов и развитие исторической науки Казахстана», посвященный 90-летию юбилею историка, востоковеда, доктора исторических наук, профессора, академика АН КазССР, исследователя проблем культуры, основателя Института востоковедения, первого руководителя отдела История культуры Казахстана Института Истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова – Р.Б. Сулейменова, проведенный Институтом востоковедения им. Р.Б. Сулейменова Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан 22 сентября 2021 года. В данный сборник сгруппированы доклады участников конференции, в которых изложены жизнь академика Р.Б. Сулейменова и его вклад в казахстанскую науку.

За содержание статьи ответственность несет автор.

УДК 94 (574)
ББК 63.3 (5Қаз)

ISBN 978-601-08-1598-8

© ҚР БҒМ ҒК Р.Б. Сүлейменов атындағы
Шығыстану институты, 2021

Дүкен МӘСІМХАНҰЛЫ

*Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану
институтының бас директоры,
филология ғылымдарының докторы,
профессор*

**Р.Б. Сүлейменовтың 90 жылдығына арналған «Академик Рамазан
Бимашұлы Сүлейменов және Қазақстанда тарих ғылымының дамуы»
атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияның
алғысөзі**

Құрметті зиялы қауым!

Ханымдар мен мырзалар!

Аса көрнекті қазақ ғалымы, әйгілі тарихшы-шығыстанушы ғалым, академик Р.Б.Сүлейменовтің 90-жылдығына арналған республикалық ғылыми-практикалық конференцияға қош келдіңіздер!

Рамазан Бимашұлы Сүлейменов – көрнекті қазақ тарихшысы, мәдениет мәселелерін зерттеуші, шығыстанушы, оның есімі берілген Шығыстану институтының (орталықтың) негізін қалаушы.

Рамазан Бимашұлы Ақмола қаласында (қазіргі – Нұр-Сұлтан) 1931 ж. 17 ақпанында өмірге келген. Әкесі Бимаш Қазан төңкерісіне дейінгі жылдардың өзінде Сәкен Сейфуллинмен тығыз араласып, «Жас қазақ» атты жастар ұйымына кірген. Р.Б.Сүлейменовтың анасы – Мәриям апа кезінде сауатын аша алмаса да, жігерлі, кара қылды қақ жарған, батыл мінезді адам болған.

Болашақ ғалым 1951 ж. Қазақ Мемлекеттік университетіне (қазір әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті) түсті. Студент Р.Сүлейменов ұдайы белсенділер мен оқу озаттары қатарынан көрінді. Оның диплом жұмысы Г.В. Плехановтың тарихи көзқарастарын зерделеуге арналған болатын. 1956 ж. Қазақ университетін аяқтағаннан соң, Р.Б. Сүлейменовті аспирантураға ұсынады. 1956 ж. 15 қазанында, емтихандарын ойдағыдай тапсырып, Тарих, археология және этнография институтының аспирантурасына қабылданады.

Р.Б. Сүлейменовтің тұла бойындағы туа біткен дарынынан тыс, тарихшы ғалым ретінде қалыптасуына бірқатар объективті себептер ықпал етті. Біріншіден, институтта Ә.Марғұлан, Бекежан Сүлейменов, Григорий Дахшлейгер, Хасан Алпысбаев тәрізді көрнекті зерттеушілер жұмыс жасады. Олармен араласуы Рамазан Бимашұлының кәсіби өсуін жеделдетті. Екіншіден, ұлы суреткер Мұхтар Әуезов – оның ғылыми жетекшісі болды. Ұлы жазушы әлбетте, болашақ академиктің адами және кәсіби қасиеттерінің қалыптасуына шешуші әсер етті.

Ғылыми жетекшісінің кеңесі бойынша, аспирант Р.Б.Сүлейменов «Екінші және үшінші бесжылдық (1933-1940 жж.) кезіндегі Қазақстандағы

мәдениет құрылысы» тақырыбы бойынша кандидаттық диссертациясымен жұмыс жасап, 1961 ж. кандидаттық диссертациясын қорғайды. Бұл Отандық тарихнамадағы соны, тіпті зерттелмеген бағыт болатын Аспирантурадан кейін Р.Б.Сүлейменовті институтта кіші ғылыми қызметкер етіп қалдырады. Осы уақыт ішінде, Р.Б.Сүлейменов қалыптасқан ғылыми қызметкер, Қазақстанның жетекші тарихшы ғалымдары қатарына қосылған, келешегінен үміт күттірер белсенді ғалым болды.

1972 ж. мәдениет тарихын зерттеудің нәтижесі және шырқау биігі болған докторлық диссертациясын қорғап, сол жылы «Мәдени төңкерістің лениндік идеялары және олардың Қазақстанда жүзеге асырылуы» атты іргелі еңбегін жариялады. Осы монография үшін 1973 ж. Р.Б.Сүлейменовке ҚазКСР ҒА Ш. Уәлиханов атындағы сыйлық берілді. 1974 ж. өзі құрған кеңестік Қазақстан мәдениетінің тарихы бөлімін меңгеруші болып бекітілді. 70-жылдары Р.Б.Сүлейменов тарихи мәдениеттану бойынша ғылыми ізденістерін толықтырып, кеңейтті. Оның алғашқы аспиранттары диссертацияларын ойдағыдай қорғады. 1979 ж. Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтында шығыстану бөлімі құрылып, жетекшісі ретінде Рамазан Бимасұлы тағайындалады және сол жылы ғалым ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі болып сайланады.

XX ғасырдың 70-80 жылдары Қазақстандағы шығыстану зерттеулері аса қарқын ала қоймаған. Еліміздің ЖОО-да да шығыстану факультеттері, мамандықтары болған жоқ. Осы кезде Рамазан Бимасұлы болашағынан үміт күттіретін жас шығыстанушыларды іздеп, тапты. Олардың ішінде Мәскеу, Ленинград, Ташкент, Душанбе, Владивосток шығыстану мектептерінің түлектері болды. Осылайша біртіндеп, шығыстану бөлімінің жұмысы өрге басты: арнайы журналдар және әдебиетпен қамту тұрақтандырылды, архивтердің жабық қорларына, атап айтқанда, Ресейдің сыртқы саясаты архивіне қолжетімдік мәселесі шешілді, жас шығыстанушылар бірінен соң бірі тағылымдамадан өтіп жатты, Мәскеу, Ленинград жоғары оқу орындары және ғылыми-зерттеу институттарының аспирантураларына есік ашылды. Душанбе, Мәскеу, Қазан, Тюмень, Тобольск қалаларына барған археологиялық экспедициялар ойдағыдай аяқталды. Р.Б.Сүлейменовтың басшылығымен жүзеге асырылған шығыстану зерттеулерінің аса ірі нәтижесі – Мәскеуде екі том болып шыққан «XVII-XVIII ғғ, Орталық Азиядағы халықаралық қатынастар» және Алматыда (1989 ж.) жарық көрген «Цин империясы және Қазақ хандықтары. XVIII ғ. екінші жартысы - XIX ғ. алғашқы ширегі» атты екі бөлімнен тұратын деректі жинақтар қазірдің өзінде де манызын жойған жоқ. Ең бастысы – қазақстандық шығыстану мектебі қалыптасты. Бөлім қызметкерлері – М. Әбусейітова, К. Хафизова, Ж. Жаппасбаева, В. Моисеев, К. Сыроежкиндер әр жылдары ғылым докторы атағына ие болды.

Қазақстандық тарих ғылымының шығыстану бағытын басқара отырып, Рамазан Бимасұлы өзі бірқатар төлтума еңбектер жазды. Бүкілодақтық «Народы Азии и Африки» журналы редакциясының өтініші бойынша, В.А.

Моисеевпен бірлесе отырып, 1982 ж. «Қазақ КСР-ындағы шығыстану» атты мақаласын дайындады. 1983 ж., Қытайтанушылардың Бүкілодақтық конференциясының жұмысына қатысып, Қазақстандағы қытайтану зерттеулерінің нәтижелері, перспективалары мен міндеттерін баяндап берді.

1983 ж. Республикалық Ғылым академиясының басшылығы Р.Б.Сүлейменовті институт директорының орынбасары етіп сайлайды, ал 1985 ж. ол институт директоры болып тағайындалды. Ең алдымен, Рамазан Бимашұлы институтты құрылымдық жағынан қайта құруға бастамашылық етті. Жаңадан бөлімдер ашты, ұжымда шығармашылық ахуал қалыптастыруға бар күшін салды.

Ш. Уәлихановтың 150 жылдық мерейтойын халықаралық, бүкілодақтық және республикалық ауқымда дайындап, өткізу Р.Б.Сүлейменовтің ұйымдастырушылық қасиетіне үлкен сынақ болды. ЮНЕСКО қолдауымен халықаралық ғылыми конференцияны жедел қамтамасыздандыру үшін институтта жұмыс тобы құрылды. Онымен қатар, Ш. Уәлихановтың бес томдығын шығару, конференцияларды дайындау, Мәскеу мен Алматыда «дөңгелек үстелдерді» өткізу жұмыстары тыңғылықты жүзеге асты. 1985 ж. Р.Б.Сүлейменовтің В.А. Моисеевпен бірлесіп жазған «Шоқан Уәлиханов – шығыстанушы» атты кітабы жарыққа шықты.

1986 ж. Рамазан Бимашұлына ҚазКСР ҒА Қоғамдық ғылымдар бөлімін басқару міндеті жүктелді. Ол ҚазКСР ҒА Президиумының мүшесі, КСРО Ғылым Академиясы Тарих бөлімі Ғалымдар кеңесінің мүшесі болып сайланды, «Қазақ КСР Ғылым академиясының Хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы» журналының бас редакторы болып тағайындалды. 1989 ж. ҚазКСР ҒА толық мүшесі (академик) болып сайланды. Осы кезеңде Р.Б.Сүлейменов институттардың құрылымдарын жетілдіру және олардың ғылыми-зерттеу қызметін үйлестірумен белсенді түрде айналысты. Р.Б.Сүлейменовтің тікелей қатысуымен, ҚазКСР ҒА археология, шығыстану, демография, саясаттану институттарын ұйымдастыру жөнінде мәселелерді көп мәрте көтерді.

Р.Б.Сүлейменов Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының директоры және ҚазКСР ҒА Қоғамдық ғылымдар бөлімшесінің академик-хатшысы салауатымен, Ш. Құдайбердіұлы, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, М. Дулатов, А. Байтұрсыновтарды ақтауға, Алматы мемлекеттік медициналық институтына С. Асфендияровтың есімін беру жолында көп еңбек сіңірді.

Ол өзінің орасан бай тәжірибесі мен білімі арқылы студенттер мен жас ғалымдарға ағалық қамқорлығын көрсетті. Оның ғылыми жетекшілігімен 3 докторлық, 30-ға жуық кандидаттық диссертациялар қорғалды. Ғылыми-ұйымдастырушылық және педагогикалық қызметтің қарбаластығы Р.Б.Сүлейменовтың жаңа идеялары мен тың еңбектерінің тууына кедергі бола алмады. 80-жылдар ішінде ол 100-ден астам кітап, мақала, рецензия жариялады. Солардың ішінде, 1988 ж. жарық көрген, Абылай ханның ішкі

және сыртқы саясатының хроникасы мен динамикасын жайып көрсеткен «XVIII ғасырдағы Қазақстан тарихынан» атты монографиясының орны айырықша.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін жариялаған сәтті академик Р.Б.Сүлейменов шығармашылық дарынының шарықтап тұрған кезінде қарсы алды. Оның идеялары мен игі бастамалары әлі де көп еді. Ол Қазақстандағы мәдени төңкерістің тарихнамасы, қазақ ұлттық интеллигенциясының қалыптасуы туралы бастап кеткен зерттеулерін аяқтап, шығыстану зерттеулерін кеңейтуге ниеттеніп жүрген болатын. 1992 ж. 13 ақпанында өзі алғашқы директоры болған Шығыстану орталығын құруға қол жеткізді.

1992 ж. 23 наурызында, белгілі мәдениет танушы, тарихшы, шығыстанушы, ғылымды ұйымдастырушы Р.Б.Сүлейменовтың ұлы жүрегі соғуын тоқтатты. Ол негізін қалаған шығыстану орталығы 1996 ж. Шығыстану ғылыми-зерттеу институты болып құрылды, ал 1998 ж. Қазақстан Үкіметтің шешімімен, институтқа Рамазан Бимашұлы Сулейменовтың есімі берілді. Бүгінгі күні Шығыстану институты өзінің ширек ғасырлық тойында республика және шетелдерде өзінің ірі ғалымдары және іргелі зерттеулерімен кеңінен мәлім ғылыми орталыққа айналды.

Институт туралы айтсақ, әңгіме тым ұзап кетуі мүмкін. Оны алдағы уақытта институттың 25 жылдығына арналған арнайы іс-шарада сөз ететін боламыз.

Ал академик Р.Б. Сүлейменовтың 90 жылдығына орай атқарылған іс-шараларға тоқталатын болсақ:

1. Р.Б. Сүлейменовтың портреті бейнеленген «Шығыстану ғылымына қосқан үлесі үшін» төс белгісі енгізілді;
2. Р.Б. Сүлейменов кабинеті (баласының демеушілігімен) жасақталды;
3. Ағымдағы жылдың (2021) 17 ақпанында Р.Б. Сүлейменовтың туған күніне орай дөңгелек үстел ұйымдастырылды;
4. Р.Б.Сүлейменовтың 90 жылдығына арналған республикалық конференция (осы) ұйымдастырылды;
5. Бүгінгі конференция материалдары арнайы жинақ болып жарық көреді.

Сөзімнің соңында конференция жұмысына сәттілік пен табыс тілеймін!
Назарларыңызға рахмет!

Рамазан Бимашұлы Сүлейменовтің өмірбаяны

Рамазан Бимашұлы Сүлейменов – қазақ тарихшысы, мәдениет мәселелерін зерттеуші, шығыстанушы, оның есімімен аталған Шығыстану институтының негізін қалаушы, Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтындағы Қазақстан мәдениеті тарихы бөлімін алғаш меңгеруші, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚазССР ҒА академигі.

Ол ХХ ғасырдағы ұлттық тарихшы ғалымдардың үшінші буынының өкілі. Бірінші буын зерттеушілерінің қаймағы болған А.Бөкейханов, С.Асфендияров, Т.Рысқұлов, Х.Досмухамедов, М.Тынышпаев және басқаларын 1937-1938 жылдары тоталитарлық тәртіп жойып жібергені мәлім. Кәсіби тарихшылардың екінші буыны ХХ ғасырдағы 30-ж. аяғы – 40-ж. ортасына таман өркен жайды. Ол өзін Ә.Марғұлан, Е.Бекмаханов, В.Ф.Шахматов, А.Тұрсынбаевтардың іргелі зерттеулері арқылы жария етті. Кейіннен, А.Нүсүпбеков, С.Бейсембаев, Г.Ф.Дахшлейгер, Т.Елеуов, К.Әкішев, А.С.Елагин мен басқаларының маңдай алды еңбектерімен толықтырылды. Өткен ғасырдағы 50-жылдардың аяғына таман, республиканың тарих ғылымына Р.Сүлейменов, М.Қозыбаев, М.Асылбеков, К.Нұрпейісов, О.Исмағұлов, М.Мұқанов, Е.Масанов тәрізді жастар дем берді. Тап осы жылдары, үшінші буын тарихшы ғалымдарының шығармашылығы гүлденген кезінде, ұлттық тарих ғылымы Бүкілодақтық ауқымда танылды, бес томдық «Қазақ КСР тарихы» жарық көріп, авторлар тобы Қазақстан Мемлекеттік сыйлығына ие болды, археология, этнология, Отандық тарих, тарихнама мен деректану халықтың қоғамдық санасын сомдауда қуатты серпін беріп, дүниежүзілік кітапханалардағы кітап сөрелерінің төрінен орын алды. Осы аталған жетістіктерге Р.Б. Сүлейменовтің қосқан үлесі бар десек, артық емес.

Рамазан Бимашевич Сүлейменов Ақмолада (қазір – Нұр-Сұлтан) 1931 жылдың 17 ақпанында туған. Әкесі Бимаш революцияға дейінгі жылдардың өзінде Сәкен Сейфуллинмен тығыз араласып, «Жас қазақ» атты жастар ұйымына кірген. Р.Б. Сүлейменовтың анасы – Мәриям апа кезінде сауатын аша алмаса да, жігерлі, қара қылды қақ жарған, батыл мінезді адам болған. Бимаш пен Мәриям Сүлейменовтердің тоғыз баласы болған: ұлдары –Нұркен, Сұлтан, Рамазан, Тимур, Совет, қыздары – Гауһар, Хадиша, Рауза, Бақытжан. Олардың екеуі – Нұркен мен Сұлтан – Ұлы Отан соғысының майдандарында каза болды.

Үлкен отбасының жағдайы мәз емес болатын. Ата-анасына аз да болса көмек болсын деп, Рамазан мектеп іргесінде-ақ еңбек жолын бастап кетті. 1951 жылы Қазақ Мемлекеттік университетінің (қазір әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті) философия факультетіне сырттай түсіп, бір жылдан кейін күндізгі бөлімге ауысты. Философия факультетінің қысқаруына байланысты, оқуын тарих факультетінде жалғастыруына тура келді. Шымыр денелі, жұмысқа төзімді, сүйкімді студент Р.Сүлейменов ұдайы комсомол белсенділері мен оқу озаттары қатарынан көрінді. Философиядан хабары мол

болғандықтан, оны революциялық қозғалыстар, қоғамдық-саяси ой, әдеби үдерістер тарихы еліктірді. 1954 жылы «Казахстанская правда» және «Ленинская смена» беттерінен студент Рамазанның Ғ.Мүсірепов пен Б. Соқпақбаевтың кітаптарына қысқаша рецензиялары көрінді. Оның диплом жұмысы Г.В. Плехановтың тарихи көзқарастарын зерделеуге арналған болатын. Сол кездегі республикадағы партияның басты журналы «Қазақстан коммунисті» осы зерттеу нәтижелерін Р.Б. Сүлейменов университетті тәмамдар жылы жариялады.

1956 жылы Қазақ университетін аяқтағаннан соң, Р.Б. Сүлейменов аспирантураға жолдама алады. Ол өз есесін жібермеді. 1956 жылдың 15 қазанында, емтихандарын ойдағыдай тапсырып, Тарих, археология және этнография институты аспирантурасына қабылданады. Институт директоры А. Нүсіпбеков бұйрыққа қол қойып, бұл шешімді ҚазКСР Ғылым Академиясының Президенті Қ.И. Сәтпаев бекітті. Әрине, сол күндері жас аспирант ілгерідегі өмірі ғылыми-зерттеу институтымен, Ғылым академиясымен байланысты болады деген ой түсіне де кірмеген болар. Жалпы, 1956 жыл Р.Б. Сүлейменовтың өмірінен ерекше орын алды: университетті үздік дипломмен бітірді, ең сұлу курстасы Нұркамал Нигметовна Қамбароваға үйленді және үлкен ғылымға жол ашылды.

Тарихшы ғалым ретіндегі Р.Б. Сүлейменовтің қалыптасуы қысқа мерзім ішінде жүзеге асты. Р.Б. Сүлейменовтің туа біткен дарынынан басқа, тарихшы ғалым ретінде қалыптасуына бірқатар объективті себептер жағдай жасады. Біріншіден, институтта Ә.Марғұлан, Б.Сүлейменов, Г.Дахшлейгер, Х.Алпысбаев тәрізді көрнекті зерттеушілер жұмыс жасады. Олармен шығармашылық ой бірлігі Рамазан Бимашевичтің кәсіби өсімін жеделдетті. Екіншіден, КОКП ХХ съезінен кейінгі Хрущевтің «жылымығы» ғылыми ойды сталинизмнің догмалары мен канондарынан босатты. Үшіншіден, әлемдік әдебиет классигі Мұхтар Әуезов – оның ғылыми жетекшісі болды. Ұлы жазушының аспиранттары мен студенттеріне талапшылдығы, ғылым мен ғылыми ақиқатқа деген ұқыптылығы, әлбетте, болашақ академиктің адами және кәсіби қасиеттерінің қалыптасуына шешуші әсерін тигізді.

Ғылыми жетекшінің кеңесі бойынша, аспирант Р.Б. Сүлейменов «Қазақстандағы екінші және үшінші бесжылдықтардағы мәдени құрылыс (1933-1940 жж.)» тақырыбы бойынша кандидаттық диссертация қорғады. Бұл Отандық тарихнаманың жаңа, зерттелмеген бағыты болды. Ол барлық күшін сарп етуін қажет етті. Аспирант қиындықтан тайсалмады. 1957 жыл бойы проблеманы ғылыми танудың әдіснамасы мен теориясын игеруге, зерттелетін кезеңнің мұрағаттық материалдарын, мерзімді баспасөз деректерін анықтауға, кандидаттық емтихандарға дайындауға кетеді. Латын графикасындағы қазақ газеттері мен журналдарын оқуға да көп уақыт кетті. Ең қуанышты сәт – Сүлейменовтар отбасының тұңғышы – Еркін дүниеге келді. Ал, 1958 жылы Р.Б. Сүлейменов «Қазақстанның партиялық өмірі» журналы мен «Казахстанская правда» газетіне екі мақала және екі рецензия жариялайды.

Солардың бірі қазақстандықтарды археолог Х.Алпысбаев тапқан тас ғасыры тұрақтарының ашылымымен таныстырды. Кейінірек, Е. Бекмаханов құрастырған «Қазақ КСР тарихы бойынша хрестоматиясы» осы мәліметтен басталады.

Қауырт жұмыс аспирантураның соңғы жылында да жалғасты. Оның ерекшелігі – енді жас зерттеушінің мақалалары академиялық ғылыми журналдарда жариялануында болды. Р.Б. Сүлейменов алғаш рет С. Асфендиаровтың ғылыми мұрасына жүгінеді. Бұл мәселеге деген қызығушылығы мен ықыласын өмірі бойы сақтап, материалдарды тынымсыз жинады, С.Асфендиаровтың туыстары, студенттері және әріптестерімен хат алмасты. Алайда, мезгілсіз қайтыс болуы оған Қазақстанның тұңғыш тарихшы-марксистің өмірі мен шығармашылығы туралы монографиялық зерттеуін жазуды бұйыртпады.

1959 жылы аспирантураны бітіргеннен кейін Р.Б. Сүлейменов институтта кіші ғылыми қызметкер болып қалды. Ол ғылыми ізденіс бағыттарын айтарлықтай кеңейтеді. Оның мақалаларында сауаттылық үшін күрестің, халық арасындағы мәдени-ағарту жұмысының, мәдени революцияны жүзеге асырудың өзекті мәселелері көтеріледі. Көп ұзамай, ол диссертациялық зерттеуді аяқтайды, онда мәдени-идеологиялық жұмысты, халыққа білім беруді, ғылымды, әдебиет пен өнерді ұйымдастырудың нәтижелері мен онан түйген сабақтары орасан зор ақпараттық-дереккөз негізінде зерттелді.

Р.Б.Сүлейменов диссертациясының қолжазбасына ғылыми жетекшісінің рецензиясын алған 1960 жылдың 20 қарашасы – ұмытылмас күн болды. Жазған пікірінде ұлы М.Әуезов: «Кандидаттық диссертациялар үшін әдеттен тыс жұмыс көлемі (584 бетте) айлар, жылдар бойы атқарылған жұмыстың нәтижесін көрсетіп қана қоймай, ең бастысы, еңбектің мазмұны, жиналған деректерді жалпылау әдістемесі, Сүлейменовтің сенімді эрудициясы, диссертанттың ғылыми жұмысқа толығымен дайын, оның ішінде белсенді, өнімді зерттеуші екендігі туралы алғашқы басты қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Автор өз Республикасында мәдени құрылыстың белгілі бір саласының пайда болуының, қалыптасуының барлық кезеңдеріндегі барлық дерлік проблемалар туралы кеңінен білді.

Өз еңбегін мәдени құрылыстың: халық ағарту ісі, республикадағы еңбекшілердің мәдени-саяси ағарту, жоғары білім мен ғылымды дамыту, әдебиет пен өнерді дамыту тәрізді салалары жайында баяндайтын тарихи шолуға арнап, Сүлейменов жолдас әрбір жекелеген жағдайда фактілерді жан-жақты жайып көрсете отырып, сонымен қатар, Қазақстандағы мәдени құрылыс жолындағы көптеген кедергілерді, қиындықтарды, қайшылықтарды көрсетеді. Ол мүдделі құрылысшы және республикасындағы аса маңызды мәдениет құбылыстарын сыни тұрғыдан ойластырып қарайтын зерттеуші ретінде, мәдени құрылыстың көптеген жекелеген салаларын дамыту жолдары мен проблемаларын талқылайды.

Жалпы алғанда, Сүлейменов жолдастың екі бесжылдықта Қазақстандағы мәдени құрылыстың ұзақ, жан-жақты және даңғыл жолдарын көрсететін осы диссертациялық жұмысы – республикада кеңестік мәдениет тарихын жасау кезінде толығымен пайдаланылуы мүмкін, сондықтан, оны тарих ғылымдарының кандидаты дәрежесіне диссертация қорғауға негіз ретінде ұсынуға әбден лайық».

Кандидаттық диссертация 1961 жылы қорғалды. Осы уақытқа дейін Р.Б. Сүлейменов қалыптасқан ғылыми қызметкер ретінде ғана емес, сондай-ақ, өте перспективалы және жемісті ғалым ретінде танылды. Мәскеуде (1962 ж.) жарық көрген «Одақтас республикалардағы социалистік мәдениеттің дамуы» ұжымдық монографиясын және «Қазақ КСР тарихы. Социализм дәуірі» (1963 ж.) академиялық басылымы Қазақстанның жетекші тарихшы ғалымдарының санатына кіргізді.

60-шы жылдардың ортасында Р.Б. Сүлейменов Қазақстанның социалистік мәдениетін құруда кеңестік тәжірибені ғылыми тұрғыдан таным саласын бұзып-жарды. 1965 жылы ол КСРО тарихы жөніндегі Ғылыми кеңестің Бүкілодақтық сессиясында қатысушыларды жаңа теориялық-әдіснамалық қорытындылармен, мәдени қайта құру кезеңдерін тұжырымдамалық жағынан қайта қарастырумен, «буржуазиялық ұлтшылдарды» батыл қорғауымен таң қалдырған «Қазақстандағы мәдени революцияның кейбір мәселелері» баяндамасын алға тартты. Р.Б. Сүлейменов: кейбір зерттеушілер, «көшпелі», жылжымалы, қысқа мерзімді мектептер идеясын әділетсіз буржуазиялық ұлтшылдарға жатқызып айып тақты, өйткені, олардың осы саладағы платформасы әдеттегі типтегі бес жылдық бастауыш мектеп құруды қарастырды» деп мәлімдеді. Бүгін бізге бес жылдық бастауыш мектеп идеясының авторы болған Ахмет Байтұрсыновтың есімі белгілі. «Буржуазиялық ұлтшылдарға» деген ізеті бұрынғы «алашордашы» М.Әуезовтің ықпалымен қалыптасуы әбден мүмкін.

Ақыр аяғында, ол практикалық қолданысын тапты. Горбачевтік қайта құру жағдайында, Р.Б. Сүлейменов Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының директоры және Қазақ КСР ҒА Қоғамдық ғылымдар бөлімшесінің академик-хатшысы болған кезінде, Ш. Құдайбердіұлы, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, М. Дулатов, А. Байтұрсыновтарды ақтауға белсене қатысты, Алматы мемлекеттік медициналық институтына С. Асфендияров есімін беру ісіне көп еңбек сіңірді.

1965 жылғы Мәскеу сессиясында Р.Б. Сүлейменовті ірі кеңестік тарихшы-теоретик, кейіннен КСРО ҒА академигі болған М. П. Кимнің көзіне түсті. Шығармашылық жетістіктері мен М. П. Киммен танысуына шабыттанған Рамазан Бимашевич мәдениет тарихын және оның теориялық-әдіснамалық мәселелерін зерттеуді асқан табандылықпен жалғастыра түседі. Жыл сайын ұжымдық монография немесе дербес монография («1933-1940 жылдардағы Қазақстандағы социалистік құрылыс тарихының очерктері», «Қазақ колхоздық ауылының мәдениеті мен тұрмысы», «Артта қалған

халықтардың мәдени прогресінің социалистік жолы», «Ұлы достастықтың жемістері», «Темірбек Жүргенов», «КСРО-дағы мәдени революция басындағы КОКП») шығарады.

Осы зерттеулердің қорытындысы мен шырқау биігі ретінде 1972 жылы докторлық диссертацияны қорғап, сол жылы «Мәдени революцияның лениндік идеялары және оларды Қазақстанда жүзеге асыру» атты іргелі еңбегін жарыққа шығарды. Сол кезеңде монография республикадағы тарихи ғылыми ойдың деңгейін көрсетті. Оның жаңалығы мен ұлттық және кеңестік тарихнамаға қосқан үлесі Мәскеу, Ленинград, Новосибирск, Свердловск, Алматы ғалымдарының көптеген рецензияларында жоғары бағаланды. Міне, аса сипатты мәлімдемелер. Новосибирскіден Ю. Г. Марченко мен В.Л. Соскин: «Рамазан Бимашевич Сүлейменов – белгілі қазақ тарихшысы. Ол жариялаған еңбек маңызының жергілікті шеңберден асып жатқандығын айта кеткен жөн. Оның теориялық және практикалық маңызы сөзсіз. Бұл жағдайда, Кеңестік Шығыстағы ең ірі республикадағы мәдени революцияның тәжірибесі жан-жақты мұқият талданған, бұл тек бізде ғана емес, шетелде де қызығушылық тудыруы мүмкін деген кітапқа қатысы бар. Р.Б. Сүлейменов Қазақстанның революцияға дейінгі бірқатар мәдениет қайраткерлерінің рөлін дұрыс бағаламаған өзінің алдындағы ізашарларына дәлелді қарсылығын білдіреді». Қазақстандық ғалымдар С.Бейсембаев пен В.Я. Басин зерттеудің ерекшелігі мен артықшылығын мынадан көрді: «Р.Б. Сүлейменовтың монографиясы осыған ұқсас тақырыптағы көптеген жұмыстардан ерекше, халыққа білім беру, әдебиет және өнер, ғылым және мәдени-ағарту мекемелері туралы дәстүрлі тараулар жоқ. Автор қазіргі мәдениетті зерттеудің өзіндік «тарихи аспектісін» табуға тырысады және біздің ойымызша, іздеп табады да. Оның басты мақсаты – тарихи үрдістерді, негізгі әлеуметтік факторларды және жаңа мәдениеттің қалыптасу жағдайларын ашу және оны көрсетуде».

Шығармашылық табысы даңқын шығарды. 1973 жылы Р.Б. Сүлейменовке Қазақ КСР ҒА Ш.Уәлиханов атындағы бірінші сыйлық беріледі. 1974 жылы өзі құрған Кеңестік Қазақстанның мәдениет тарихы бөлімінің меңгеруші болып бекітіледі. Алайда, ғылыми Олимптың биіктері әлі де алда болды.

70-жылдары Р.Б. Сүлейменов тарихи мәдениеттану бойынша ғылыми ізденістерді толықтырып, кеңейтті. Олар оның «Дамыған социализм мәдениетінің ортақтығы» атты кітабы (1976 ж.), Қазақ Кеңес энциклопедиясы, Әзірбайжан кеңес энциклопедиясына арнаған мақалалары, рецензияларынан көрініс тапты. Алғашқы аспиранттар диссертацияларын ойдағыдай қорғап, ғылым кандидаты дипломын алды. Мәдениет тарихы бөлімі М.П. Ким, С.А. Федюкин (Мәскеу), В. А. Ежов (Ленинград), С. Данияров (Фрунзе) және басқалардың қолдауы мен ықыласына бөленді. Енді Р.Б. Сүлейменов мәдениет тарихшысы ғана емес, мәдениет тарихшыларының танылған көшбасшысы болды. Бірақ, шынайы бетбұрыс 1979 жылы басталды: біріншіден, ол Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының

құрылымында ұзақ үзілістен кейін қалпына келтірілген шығыстану бөлімінің бастығы болып тағайындалды, екіншіден, ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі етіп сайланады. Жаңа лауазым мен жоғары ғылыми мәртебесі осы дарынды адамның өмірі мен қызметінің келесі кезеңіне жол ашты.

70-80-ші жылдар тоғысында Қазақстандағы шығыстану зерттеулеріне күш салынған жоқ. Жоғары оқу орындарының құрылымында шығыстану факультеттері мүлдем болған жоқ. Рамазан Бимашевич ғылымның тағдырын бірегей ойшыл ғалымдар шешетінін жақсы біліп, жас әрі болашағы зор шығыстанушыларды іздеп, тапты. Олардың арасында Мәскеу, Ленинград, Ташкент, Душанбе, тіпті Владивостоктағы шығыстану мектептерінің түлектері де болды. Ол КСРО ҒА Шығыстану институтының директоры академик Е.М. Примаковпен, оның КСРО ҒА корреспондент-мүшесінің орынбасары Г. В. Киммен, КСРО ҒА Қиыр Шығыс институтының директоры КСРО ҒА корреспондент-мүшесі М.И. Сладковскиймен, КСР Одағының ірі шығыстанушылары Б.П. Гуревич, Е. П. Челышев, В. С. Мясников және тағы басқалармен іскери және достық қарым-қатынас орната алды. Барлық бастамаларында оны ҚазКСР ҒА және Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының басшылығы қолдап отырды. Біртіндеп, шығыстану бөлімінің тасы өрге домалады: арнайы журналдар және әдебиетпен қамтамасыз ету тұрақталды, жабық мұрағат қорларына, атап айтқанда, Ресейдің сыртқы саясат мұрағатына қолжетімдік мәселесі шешілді, жас шығыстанушылар тағылымдамадан өтіп, Мәскеу, Ленинград университеттері мен ғылыми-зерттеу институттарының аспирантурасына жіберілді. Барысында Абылай хан, патша әкімшілігі Березовқа айдатып жіберген оның немересі – Ғұбайдолла Уәлиханов туралы бұрын белгісіз құжаттар мен материалдар, Қозы Көрпеш-Баян сұлу ескерткіші туралы мәліметтер айқындалған Душанбе, Мәскеу, Қазан, Тюмень, Тобольск қалаларына барған археографиялық экспедициялар ойдағыдай аяқталды. Р.Б.Сүлейменов басшылығымен жүзеге асырылған шығыстану зерттеулерінің аса ірі нәтижесі – Мәскеуде екі том болып шыққан «XVII-XVIII ғғ. Орталық Азиядағы халықаралық қатынастар» және екі бөлімде Алматыда (1989 ж.) шыққан «Цин империясы және Қазақ хандықтары. XVIII ғ. екінші жартысы – XIX ғ. алғашқы үштен бірі» атты деректі жинақтардың маңызы қазірдің өзінде де зор болып отыр. Ең бастысы – қазақстандық шығыстану мектебі қалыптасты. Бөлім қызметкерлері – М. Әбусейітова, Ж. Жаппасбаева, В. Моисеев, К. Сыроежкин, К. Хафизовалар әр жылдары ғылым докторы атағына ие болды.

Қазақстандық тарих ғылымының шығыстану бағытын басқара отырып, Рамазан Бимашевич өзі бірқатар төлтума еңбек жазды. Бүкілодақтық «Народы Азии и Африки» журналы редакциясының өтініші бойынша, В.А. Моисеевпен бірлесе отырып, 1982 ж. «Қазақ КСР-ындағы шығыстану» атты мақаласын дайындады. Мақалада 1972-1982 жж. кезеңіндегі шығыстану зерттеулерінің ахуалі мен оның нәтижелері белгіленді. Кейіннен, 1989 жылы, мақаланың

кеңейтілген және толықтырылған нұсқасы КСРО ҒА Шығыстану институтының «КСРО-дағы шығыстану орталықтары» атты жинаққа енгізілді. 1983 ж., Қытайтанушылардың Бүкілодақтық конференциясы жұмысына қатысып, Қазақстандағы қытайтану зерттеулерінің нәтижелері, перспективалары мен міндеттерін баяндап берді.

Алайда, 1983 жыл Қазақстанның тарихшы ғалымдары үшін оңай болған жоқ: Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының директоры, ҚазССР ҒА академигі А. Нүсіпбеков және оның орынбасары, ҚазССР ҒА корреспондент-мүшесі Г.Ф. Дахшлейгер қайтыс болды. Бір мезетте республиканың тарихи ғылыми ой орталығы қиын жағдайға тап болды. 1983 жылы Республикалық Ғылым академиясының басшылығы Р.Б.Сүлейменовті жаңадан тағайындалған институт директорының орынбасары етіп тағайындайды. Бірнеше айдан кейін, 1984 жылы, ол директордың міндеттерін атқарушы болып, ал, 1985 жылы институт директоры болып тағайындалды. Осы кезде, елде қайта құру, жариялық және қоғамды демократизациялау үдей түсті.

Өзгермелі қоғамдық-саяси ахуал директордың 150-ден астам қызметкердің, олардың ішінде: 42 кіші ғылыми қызметкер, 84 ғылыми қызметкер, 10 ғылым докторы және 36 ғылым кандидатының басын қосқан атақты ұжымын басқаратын инновациялық тәсілдер мен шешімдер қабылдауын талап етті. Ең алдымен, Рамазан Бимашевич институтты құрылымдық жағынан қайта құруға бастамашылық етті. Жаңадан бөлімдер ашты, бөлімдердің саясиландырылған аттарын (социалистік құрылыс тарихы бөлімі, коммунистік құрылыс тарихы бөлімі) нақты-тарихилықпен (Қазақстандағы индустриалдық даму және жұмысшы табының тарихы бөлімі, диқаншылық және ауыл шаруышылығы тарихы бөлімі) ауыстырды, ұжымда шығармашылық ахуал қалыптастыруды артық көрді, ал, жас ғылым кандидаттары Н.Әлімбай, М.Әбусейітова, Т.Бейсембиев, Н.Масанов және басқаларын өзіне жақын тартты.

Ш. Уәлихановтың 150 жылдық мерейтойын халықаралық, бүкілодақтық және республикалық ауқымда дайындап, өткізу Р.Б.Сүлейменовтің ұйымдастырушылық қасиетін сынақтан өткізді. ЮНЕСКО қамқорлығымен халықаралық ғылыми конференцияны жедел қамтамасыздандыру мақсатында, институтта 30 адамнан тұратын жұмыс тобы құрылды. Онымен қатар, Ш. Уәлихановтың бес томдығын шығару, конференцияларды дайындау, Мәскеу мен Алматыда «дөңгелек үстелдерді» өткізуге дайындық жүріп жатты. Оның үстіне, мақалалар мен баяндамалар жазу қажет болатын. Толық емес деректерге сүйенсек, Р.Б.Сүлейменов тек 1985 жылдың өзінде Ш. Уәлиханов және оның өмірі, ғылыми ерлігі, шығармашылық мұрасы туралы 10-ға жуық ғылыми және ғылыми-көпшілік жұмыстар, оның ішінде, В.А.Моисеевпен бірлесіп жазған «Шоқан Уәлиханов – шығыстанушы» атты кітабы жазылды.

Дегенмен, белгілі шығыстанушы академик Е.П. Челышев ҚазССР ҒА президенті Ө.М. Сұлтанғазинге жазған хатында Р.Б. Сүлейменов

кітаптарының ішінде ортағасырлық Қазақстанның тарихы мен мәдениетіне арналған «Шоқан Уәлиханов – шығыстанушы» зерттеуін жоғары бағалайтынын ерекше атап өткен.

1986 жыл жаңа проблемалар, міндеттер мен жұмыстарды өзімен ала келді. Рамазан Бимашевичке ҚазКСР ҒА Қоғамдық ғылымдар бөлімін басқару міндеті жүктелді, оны өзі басқарып отырған институт жанындағы «КСРО тарихы» мамандығы бойынша ғылым докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертацияларды қорғау бойынша арнайы кеңестің төрағасы етіп тағайындайды. 1986 жылдың аяғында бүкіл КСРО дүр сілкіндірген Алматы оқиғасы ұлттық интеллигенцияны желтоқсан оқиғасына қатысушыларды үнсіз жақтаушылар мен ашынып сынаған үлкен екі топқа бөліп-жарды. 1987 жылғы 11 сәуірде ҚазКСР ҒА Ғалымдар үйінде өткізілген «КОКП ұлттық саясатының лениндік принциптері және интернационалдық тәрбиенің өзекті міндеттері» атты республикалық ғылыми-практикалық конференциясында ұлттық ғылыми ортаның жікке бөлінуі анық көрінді. Кейбір қатысушылар сөйлеген сөздерінде Алаш Орда қайраткерлері Ә.Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Тынышбаев, Х. Досмұхамедовтерді аяусыз сынап-мінеп, Х. Әдібаев, Д. Досжанов, А. Қодаров, Б. Қанапияновтың шығармаларында, «Білім және еңбек», «Жұлдыз» журналдарының жарияланымдарында ұлтшылдық іздерін іздеген кезде, Р.Б. Сүлейменовтің баяндамасы теориялық бағытымен және терең тарихилылығымен ерекшеленді. Орыс тілінің одақтас республикалардың байырғы халықтары арасында біркелкі таралмауы, жұмысшылардың патриоттық және халықаралық тәрбиесіндегі әртүрлі идеологиялық, ғылыми және оқу орындары мен мекемелері іс-әрекеттерінің жүйесіздігі, ұйымдастырылмауы және бытыраңқылығы туралы айта келіп, ол ұлттық мәдениеттердің өзара тәуелділігі мен ерекшеліктерін талдауға көп көңіл бөлді. «Белгілі бір суретші өкілі болып табылатын халық саны аз болуы мүмкін, ал оның өкілі қосқан үлесі айтарлықтай және салмақты болуы мүмкін», – деді Р.Б. Сүлейменов. «Тарих та, қазіргі этникалық процестер де бізге ұлттардың жойылуы, не болмаса олардың өшуі туралы нанымды мәлімет бермейді». Ол ғылыми жетекшісі және ұстазының сөзімен өз ұстанымын білдірді: «Рухани қарым-қатынастың арқасында проза, драма тәрізді жаңа жанрлар, әлемнің озық халықтары әдебиеттерінің шынайы дәстүрлерін игерудің арқасында, Кеңестік Шығыстың көптеген әдебиеттеріне кірді» деп жазған классик М.Әуезовтің сөзін келтіреміз» – деді Рамазан Бимашевич. Осылайша, Ш. Уәлихановтың мерейтойы Р.Б.Сүлейменов тұлғасының әлеуметтік-кәсіби қасиетін, ал 1986 жылдың желтоқсаны – адамгершілік-этикалық өзегін көрсетті. Ол осы екі сынақтан да сүрінбей өтті.

Онан кейінгі жылдар да маңызды оқиғалар, өзгерістер, ғылыми ізденіспен ашылымдарға толы болды. Ол ҚазКСР ҒА Президиумының мүшесі, КСРО Ғылым Академиясы Тарих бөлімі Ғалымдар кеңесінің мүшесі болып сайланды, «Қазақ КСР Ғылым академиясының хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы» журналының бас редакторы болып тағайындалады.

Институт директоры лауазымын қалдырып, ҚазКСР ҒА Қоғамдық ғылымдар бөлімінің академик-хатшысы қызметіне толық ауысады. 1989 жылы ҚазКСР ҒА толық мүшесі болып сайланады. Көктемде жарияланған сайлау науқаны жаздың ортасына дейін жалғасты.

Ол КСРО-ның ғылыми ортасында Р.Б. Сүлейменовтің беделінің биіктігін көрсетті. Оның кандидатурасын академиктер М.П. Ким, С.Л. Тихвинский, Ю.В. Бромлей, Е.П. Чельшев, Б.Б. Пиотровский, А.П. Деревянко, КСРО ҒА корреспондент мүшесі В. А. Куманев, одақтас республикалардың академиктері Э. Юсупов (Өзбекстан), В.П. Шерстобитов (Қырғызстан), З.М. Буниятов (Әзірбайжан), Р. Масов (Тәжікстан), Н. Атамамедов (Түрікменстан) қолдады. Эрмитаж директоры Б.Б. Пиотровскийдің жазған пікірінде мынадай жолдар бар: «Р.Б. Сүлейменов маған қазақ халқының мәдени мұрасын насихаттайтын ғылыми-ұйымдастырушылық қызметпен айналысатын ғалым ретінде белгілі. Маған ол жоғары баға берілген Шоқан Уәлиханов туралы еңбектің авторы ретінде танымал». Осылайша, аспиранттан бастап жоғары академиялық атаққа дейінгі жолды еңсеруге 30 жыл қажет болды.

Осы кезеңде, Р.Б.Сүлейменов ғылым биігін игеріп, институттардың құрылымдарын жетілдіру және олардың ғылыми-зерттеу қызметін үйлестірумен белсенді түрде айналысты. Р.Б.Сүлейменовтің тікелей қатысуымен, Тарих, археология және этнография институты құрамында Археологиялық орталық, Философия және құқық институтында – Ұлттық және ұлтаралық қатынастарды зерделеу орталығы, Экономика институтында – Социология орталығы, Әдебиет және өнер институтында – Қолжазба орталығы құрылды.

80-жылдар аяғында Қоғамдық ғылымдар бөлімінің интеллектуалдық потенциалы шамамен 700 адам құрады, оның ішінде, 61 ғылым докторы және 196 ғылымдар кандидаты. Рамазан Бимашевич осы күш-қуатты тиімді пайдалану үшін бар күшін салды. Нақты шаралар қабылдады. Сонымен, жоспарлық тақырыптарды орындау мерзімі 2-3 жылға қысқартылды, аспиранттар мен докторанттарды даярлауға бақылау қатайды, өйткені, ғылыми кадрлардың қартаю мәселесі күрделене түсті, ал, диспуттер, «дөңгелек үстелдер», үйлестіру мәжілістері, пікірсайыстар жүйелі сипат алды. Тақырыптардың мардымсыздығы мен қайталануы жойылды. Осының барлығы 1990 жылы 21 сәуірде «Казахстанская правда» газетінде жарияланған Қоғамдық ғылымдардың даму тұжырымдамасын әзірлеуге алып келді. Р.Б. Сүлейменов пен оның ниеттестері ҚазКСР ҒА ҚазМУ-де шығыстану факультетін, ҚазКСР ҒА-да археология, шығыстану, демография, саясаттану институттарын ұйымдарстыру жайындағы мәселелерді көп мәрте көтерді.

Ғылым жүйесіндегі мансабы жоғары бола отырып, ғылым жұмысын ұйымдастырудың озық тәжірибесін зерделеумен қатар, ұлттық элитаны лайықты дәрежеде көрсетіп шет елдерге жолға шықты. Осылайша, «Экология және империя» халықаралық симпозиумының қатысушысы ретінде АҚШ-та болған кезінде, Ш. Уәлихановтың Орталық Азияның көшпелі халықтары

туралы ойларын ортаға салды. Оның Жапонияға, КХДР, Қытайға, Швецияға барған сапарлары нәтижелі болды.

Өзінің орасан бай тәжірибесі мен білімдерін студенттер мен ғалым жастарға жомарттықпен жайды. 20 жылға тарта Қазақ мемлекеттік университетінде қосымша жұмыс жасады. Оның ғылыми жетекшілігімен 3 докторлық, шамамен 30 кандидаттық диссертация қорғалды. Ғылыми-ұйымдастырушылық және педагогикалық қызметтің қарбаластығы Р.Б. Сүлейменовтың жаңа идеялар мен еңбектерді туындатуына кедергі бола алмады. Редакция алқасының мүшесі, «Қазақ КСР тарихы» 5 томының бірлескен авторларының бірі болды. 80-жылдар ішінде ол 100-ден астам кітап, мақала, рецензия – оның ғылыми мұрасының үштен бірі болатын дүниелерді жариялады.

Солардың ішінде, 1988 жылы жарық көрген, Абылай ханның ішкі және сыртқы саясатының хроникасы мен динамикасын жайып көрсеткен «XVIII ғасырдағы Қазақстан тарихынан» атты монографиясының орны бөлек. Кітап жарық көрген сәттегі ресми Орталық биліктің Абылай тұлғасына деген қатысы я оқыс теріс, немесе тым суық болып қала берді. Бұл – біріншіден. Екіншіден, бір қызығы, отандық тарихнамада Абылайдың проблемасы мен тағдырын соңғы рет Шоқан Уәлиханов арнайы зерделеген болатын. Бұл туралы Рамазан Бимашевичтің өзі былай деп жазған: «Өткен ғасырдың 60-шы жылдарының басында жарық көрген Ш.Уәлихановтың «Абылай» атты шағын жазбасы және бірнеше танымал кітапшалардан басқа, осы күнге дейін мемлекет қайраткеріне, оның ішкі және сыртқы саясатын талдауға арналған бірде-бір ғылыми жұмыс жоқ». Қазақ тарихында Абылай ханды елемеу, жете бағаламау, оның атқарған рөлін бұрмалау тарихнамасын ержүрек зерттеуші Р.Б.Сүлейменов алғаш болып еңсерді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін жариялаған сәтті академик Р.Б.Сүлейменов шығармашылық дарынының гүлденіп тұрған кезінде қарсы алды. Ол идеялар мен игі ниетке толы болатын. Қазақстандағы мәдени революцияның тарихнамасы, қазақ ұлттық интеллигенциясының қалыптасуы мен оның тағдыры туралы бастап кеткен зерттеулерін аяқтап, шығыстану зерттеулерін кеңейтуге ниеттенген болатын. 1992 жылдың 13 ақпанында өзі алғашқы директоры болған Шығыстану орталығын құруға қол жеткізді. Бір қарағанда, әдеттегі ғылыми күштерді жинау, алға жылжу жолдарын анықтау процесі басталды. Академик өмірінің күндері санаулы деп ешкім ойлаған жоқ. Қатерлі ауру өзін байқатпады. 1992 жылдың 23 наурызында, мәдениеттің тамаша тарихшысы, шығыстанушы, ғылымды ұйымдастырушы Р.Б. Сүлейменовтың жүрегі тоқтады. Академиктің ғұмырлық ісі жалғаса беруде. 1996 жылы шығыстану орталығы Шығыстану ғылыми-зерттеу институты болып қайта құрылды, ал, 1998 жылы үкіметтің шешімімен институтқа Рамазан Бимашевич Сүлейменовтың аты берілді. Бүгінгі күні Шығыстану институты республика мен оның шегінен тыс жерлерде өзінің ірі ғалымдары және іргелі зерттеулерімен мәлім.



Тарихшылар: М. Х. Асылбеков, Р. Б. Сүлейменов,
С. Б. Нұрмұхамедов



Р. Сүлейменов пен археолог К. Ақышев



Академик Ә. Марғұлан 80 жаста



Ә. Марғұланның 80-ге толған тойында

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АКДЕМИЯСЫ




Р. Б. Сүлейменов Қытай Халық Республикасында



Р. Б. Сүлейменов ғылыми конференцияда

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АКАДЕМИЯСЫ



Р. Б. Сүлейменов ұлы Еркінмен



Р. Б. Сүлейменов отбасымен

ҚАЗАҚСТАН
ТАРИХ ҒЫЛЫМЫ



**Рамазан Бимасұлы Сүлейменов
туралы естеліктер**

**Воспоминания о
Рамазане Бимашевиче Сулейменове**



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АКЦИДЕНТТІК ҚАҒАЗАТ

Ханкельды Махмұтович Абжанов
Академик НАН РК

Три подвига академика

Во второй половине 50-х годов XX века казахстанская историческая наука пополнилась новыми, но все еще малоизвестными в среде национальной научной интеллигенции именами. Их социально-профессиональный рост был настолько стремительным, что через 10 лет они уже представляли собой солидную и плодотворно пишущую группу ученых-историков: стали кандидатами наук, выпустили первые монографические труды, получили признание, как со стороны властных структур, так и коллег по профессии из Москвы, Ленинграда, Ташкента, Новосибирска. Сегодня имена и труды «шестидесятников» составляют гордость и славу Отечественной исторической научной мысли. Фундаментальные исследования академиков Р.Б.Сулейменова, М.К.Козыбаева, М.Х.Асылбекова, К.Н.Нурпеисова, О.И.Исмагулова, профессоров В.Я. Басина, Д.И. Дулатовой, Х.Алпысбаева, Д.Шаймуханова, опубликованные в 70-е годы, способствовали созданию целостной научной картины исторических процессов на казахской земле с древнейших времен до современности, легли в основу школьных учебников, пятитомной академической «Истории Казахской ССР» являются тем устоем, на котором сформировалось историческое сознание населения; выводы, оценки, концептуальные положения их трудов еще долгу будут служить образцом научного познания прошлого.

В славном ряду этой блестящей плеяды ученых видное место принадлежит Рамазану Бимашевичу Сулейменову - сыну ровесника и соратника С.Сейфуллина, выпускнику КазНУ им. аль-Фараби, ученику М.О.Ауэзова. Вся его творческая биография связана с Институтом истории и этнологии им. Ш.Уалиханова, где прошел научный путь от аспиранта до академика НАН РК, карьерный рост от младшего научного сотрудника до директора института.

Р.Б.Сулейменов родился 17 февраля 1931 года в г. Акмоле - ныне г. Нур-Султан. В 20 лет стал студентом Казахского университета. Его жизненное кредо и научные взгляды сложились на изломе эпох. Главные события аспирантской поры – кризис сталинизма, хрущевская оттепель, общение с великим Мухтаром Ауэзовым – дали толчок к раскрытию природного таланта молодого казаха. В мир науки он вошел универсальным, широкомыслящим ученым. Уже в аспирантских публикациях Р.Б.Сулейменова отчетливо видны неустанные методологические поиски, высокий уровень теоретической подготовки, масштабность мышления. Его интересовали проблемы отечественной истории, археологии, этнологии, философии, литературы, историографии и источниковедения. К середине 60-х годов прошлого столетия он стал автором ряда оригинальных работ по истории культуры Казахстана, участвовал в написании академического издания «Истории Казахской ССР» в

двух томах, коллективной монографии московских ученых «Развитие социалистической культуры в союзных республиках», опубликовал книги, статьи, рецензии по вопросам истории образования, науки, искусства, интеллигенции. Взятый высокий темп не снижался и в последующем. Итог - защита докторской диссертации в 1972 году, присвоение премии им. Ш.Уалиханова первой степени в 1973 году, звания профессора в 1981 году, избрание член-корреспондентом АН Каз ССР в 1979 году.

В 80-ые годы Рамазан Сулейменов руководил новым для себя направлением – востоковедными исследованиями, встал во главе Института истории, археологии и этнографии им. Ш.Уалиханова, будучи академиком-секретарем Отделения общественных наук и членом президиума АН Каз ССР отвечал за состояние и перспективы развития целой отрасли научной мысли. Его начинания и инициативы получили поддержку со стороны президентов академии наук А.М. Кунаева, М.А. Айтхожина, У.М. Султангазина. В 1989 году избирался академиком АН Каз ССР.

Жиында Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, т.ғ.д., академик Манаш Қабашұлы Қозыбаев: "Академик Р.Б.Сүлейменов – ойшыл ғалым, сырлы азамат" деген тақырыпта баяндама жасады. Одан соң ғалымның үзеңгілес жолдастары, замандастары, шәкірттері сөз сөйлеп, Рамазан Бимашұлының ғылымға сіңірген еңбегіне, азаматтық қасиеттеріне тоқталып, тарих ғылымының дамуына жеке өзі қосқан үлесіне үлкен баға берді. Олар ҚР ҰҒА академиктері Б.А. Төлепбаев, Ө.М. Сұлтанғазин, К.Н. Нұрпейіс, С.С. Сартаев, Ғ.С. Сапарғалиев, З.К. Қожабеков, М.Х. Асылбеков, т.ғ.д., профессор Т.Б. Балақаев, т.ғ.д., профессор Ә.Н. Құдайбергенов, т.ғ.д., профессор М.Қ. Әбусейітова, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, Р.Б.Сүлейменовтің шәкірті – Ғани Қасымов, т.б.

Осы жиында ҚР ҰҒА академигі Қозыбаев Манаш Қабашұлы: «Рамазан бір жыл туған түлек еді. Ерте арамыздан кетті. Рекең сырбаз, ойы да, бойы да биік сұлу жан еді. Істе де, түзде де толып отырады (Абайдың толық адам дегенін еске алыңыз). Күлімсіреп, көз әйнегін түзеп қойып, көңілдеген сәтте Шапибайауын айтатын. Қоңыр дауысы асқақтап кететін. Барша жаратылысы сұлу Рекең ғылымның да құлы еді. Рамазан ақкөңіл, ашық жан еді. Ойын-тойда көңілді думанның қызуына елегізіп отыратын. Әңгіме айту мәнері өзгеше еді. Ол еуропалық ұлылардың айтқанын орынды пайдаланып, әдеби образдарды еске алып сөйлейтін. Әңгімеге беріле сөйлеп интонацияларын орынды қойып, тыңдаушыларын қызықтыратын. Бұл да оның мәдениеттілігінің бір қыры сияқты еді» деп ғалымның адамгершілік келбетін ашса, ҚР ҰҒА академигі Сұлтанғазин Өмірзақ Махмұтұлы: «Қазақта мынадай бір қанатты сөз бар: "Ел үмітін, ер ақтайды, ер есімін ел сақтайды". Осы сөз Рамазан Бимашұлына арналған сияқты. Себебі Рамазан Бимашұлы өзінің бүкіл саналы өмірін, шығармашылық қызметін өмірінің соңына дейін халқының мәдениетін, ғылымын дамытуға арнады.

Менің өмірімде, жұмыс бабында кездескен адамдарым аз болған жоқ. Бірақ соның ішінде ең сүйкімділерінің бірі Рамазан Бимашұлы еді. Рамазан Бимашұлы өте жылы жүзді, ешуақытта бір қатты сөз айтпайтын. Бірақ ол тек момақан адам емес, еңбекқор адам еді, Мәдениеті биік еді. Соңғы уақытта Еуразияны көп айтып жүр ғой. Соның бірінші, әуелі болып айтқанның бірі Рамазан Бимашұлы болатын. Себебі, ол кісі Еуропа мен Шығыстың мәдениетін жалғастырған, соның ұлы адамдарының шығармаларын терең зерттеп, түсінген қазақ азаматтарының бірі еді» деп Рамазан Бимашұлын ерекше тебіреніспен еске алды. Ғалымның замандасы, әріптесі ҚР ҰҒА академигі Кеңес Нұрпейісұлы: «Рамазан жігіттің сұлтаны еді, мүсіні сұлу жігіт әрі керемет әнші болатын. Ұлы Абайдың сөзіне жазылған С.Мұхамеджанның романстарын өте жақсы орындайтын. "Дүниеде сірә сендей маған жар жоқ, саған жар менен артық табылса да" деген өлең жолдарын шырқайтын тұстары әлі есімде...

«Рамазанның екінші қасиеті арлы,ұяты мол жігіт еді» деп Р.Сүлейменовтің әншілік қабілеті туралы да баяндады. Ал ҚР ҰҒА академигі Оразақ Смағұлұлы: «Рамазан өткен ғасырдың 80-жылдары Абылай ханға орай арнайы тарихи зерттеу кітабын жоспарлайды. Бұл еңбек жазылып болғаннан кейін Рамазан оны баспаға әкеледі. Сол кезде баспа цензурасы оның "Абылай хан" атты монографиясын басқаша атауға оны мәжбүр етеді. Бұрынғы аттың орнына кітапты "Из истории Казахстана XVIII века" (А., 1998) деген атпен шығарады. Дегенмен кітаптың "О внешней и внутренней политике Абылая" деген қосымша атауын зорға сақтап қалдық деп Рамазанның айтқаны әлі есімде» деп ғалымның Абылай хан туралы еңбегінің қандай қиындықтармен баспаға жарияланғанын хабарлады.

Ал ғалымның ғылыми ортадағы беделі мен білімі туралы тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Төлтай Балақаев: «Рамазан Бимашұлы жаратылысынан зерек, алғыр, талантты жан болатын, ол орысшаға жетік, ұстараның жүзіндей өткір тілді, сөзге шешен кісі еді. Сондықтан да оның республика мәдениетінің тарихына арналған еңбектерінің ғылыми да, теориялық та мазмұны терең, құнды дүниелер, оның бұл еңбектерін осы саланың мамандары СССР Ғылым академиясының академиктері М.П.Ким, В.А.Куманев тағы басқалар жоғары бағалайтын» деп еске алды.

"Ғалымның хаты өлмейді" демекші академик Р.Б. Сүлейменовтің артында қалған мұра, ұрпақтардың игілігіне қызмет ете беретін байлық. Ал осы мұраны бүгінгіден де тиімді пайдалану үшін және кейінгі ұрпақтың жадында ғалымның атын сақтау үшін нақты шараларды жүзеге асыру керек. Олардың біршамасы қазірдің өзінде атқарылды. Айталық, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Шығыстану институтына, Алматыдағы, Нұр-Сұлтандағы бір-бір көшеге академик Р.Б. Сүлейменовтің аты берілді, ғалым тұрған үйдің қабырғасына ескерткіш тақта орнатылды. Ғалымның шәкірті, ҚР ҰҒА академигі Ханкелді Махмұтұлы Әбжановтың басшылығымен 2015 жылы Алматы қаласынан Рамазан Сүлейменовтің таңдаулы шығармаларының екі

томдық еңбегі жарыққа шықты. Ендігі жерде мынадай істерді қолға алса ләзім болар еді:

1. Рамазан Сүлейменовтің шығармалары негізінен орыс тілінде жазылған, Солардың күні бүгінге дейін маңызын жоймағандарын, әсіресе Абылай хан, С. Асфендияров, П.В. Волобуев, М.П. Ким, Қ. Сәтбаев, М. Әуезов, Ә. Марғұлан, А. Нүсіпбеков, Г.Ф. Дахшлейгер, С. Бейсембаев жайлы жазғандарын қазақшаға аударып, жинақ ретінде шығарса, артықшылық етпес еді.


2. 1994 жылы өткен I Сүлейменов оқулары жалғасын таппай қалды. Бұл іске Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты лайықты мән беріп, қайта оралуы керек.

3. ҚР Білім және ғылым министрлігіне қарасты қоғамтану ғылыми-зерттеу институттарының бірінде еңбек ететін әрі мәдениет тарихы мен теориясын, шығыстану мәселелерін зерттеуде үздік нәтижелерге жеткен жас ғалымдар үшін Р.Б. Сүлейменов атындағы сыйлық тағайындалса, мәдениеттану мен шығыстану ғылымының ілгерілуіне септігін тигізеді.

4. Ғалымның туған қаласы Нұр-Сұлтанда мектепке академик Р.Б. Сүлейменов атын берсе артықтық етпес еді.

Әдебиет

1. Әбжанов Х. Исабек Б. «Академик Рамазан Сүлейменов» Алматы: «Дайк-Пресс», 2007. – 252 б.
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының архив қорлары (ҚР ҰҒА орталық мұрағатындағы 2 қор және Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының 11 қоры);
3. Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтында сақтаулы тұрған «Рамазан Бимасұлы Сүлейменовтің жеке мұрағатының» материалдары



Көрнекті ғалым, ұлағатты ұстаз, ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Рамазан Бимашұлы Сүлейменовтің соңында қалған мол ғылыми мұраларына танымдық, тарихнамалық талдау жасау және әлеуметтік-кәсіби есеуі мен ғылыми-ұйымдастырушылық қызметін арнайы зерттеу ретінде 1996 жылы ұстазым Ханкелді Махмұтұлы Әбжанов тарапынан ғылыми тақырып ретінде ұсынылғанда қуанғаным да қиналғаным да рас.

- × Р.Б. Сүлейменовтің дүниеден қайтқанына небәрі 3-4 жыл ғана өткен болатын
- × Ғалымның Қазақстандағы мәдени құрылыстың тарихы мен шығыстану мәселелеріне арналған мөні зор еңбектері кеңестік, социалистік идеология тұсында жазылғандықтан көп зерттеу жүргізіп, байыпты ой-тұжырымдар жасауды қажет етті.
- × Рамазан Бимашұлының өмірі мен шығармашылық белестері жайлы зерттеулер, мақалалар тым аз, ал естеліктер мүлде жарық көрген емес еді. Тыңнан түрен салғандай, тұлғаның тарихшы, мәдениеттанушы, шығыстанушы, басшы, ұйымдастырушы қырларын ашуға келгенде қиналыс тудырғаны ақиқат.

Құжаттарды реттеп, жүйелеп, Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтына "Рамазан Бимашұлы Сүлейменовтің жеке мұрағатының" материалдары деп тізбе жасап, өткіздім. Р.Б.Сүлейменов туралы сақталған жеке мұрағатындағы деректерді мынадай топтарға бөліп қарастырса болады:

- ✓ ғылыми еңбектері мен мақалаларының қолжазбалары және оларға арналып жинақталған деректер, өртүрлі мұрағат қорларынан, кітап, газет, журналдардан алынған жазбалар, сын-пікірлер, әріптестерінің қызметі мен ғылыми-шығармашылық жұмыстары туралы деректер;
- ✓ ғылыми-ұйымдастырушылық және қоғамдық қызметі туралы деректер, оларға жататындар: Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы, Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институты, Қазақ ұлттық университеті мен өртүрлі комиссиялар мен қоғамдардағы қызметі туралы деректер, көпшілік алдында сөйлеген сөздері мен баяндамалары, радиода сөйлеген сөздері, оқыған лекциялары;
- ✓ өмірбаяндық сипаттағы деректер (жеке басының құжаттары, өз қолымен жазған өмірбаяндары, ғылыми еңбектерінің тізімдері, құрмет грамоталары, құттықтаулар);
- ✓ хаттар. Р.Б.Сүлейменовтің жазған хаттары мен оған жазылған хаттар.

× «М.О.Әуезовтің мұражай үйінің» мұрағат қорынан Рамазан Бимашұлы Сүлейменовтің ұстазы, ғылыми жетекшісі, заңғар жазушы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің кандидаттық диссертация жөніндегі пікірі алынды. 1961 жылы сәуір айында академик М.О.Әуезовтің ғылыми жетекшілігімен орындалған "Екінші және үшінші бесжылдықтар тұсындағы Қазақстанда жүргізілген мәдени құрылыс. 1933-1940 жж" тақырыбына кандидаттық диссертациясын табысты қорғап шығады. Отандық тарихнамада тұңғыш рет 1933-1940 жылдарғы Қазақстандағы мәдени құрылыстың жетістіктері мен кемшіліктері кешенді түрде талданылады. Диссертациядағы негізгі нәтижелер мен пайымдаулар автордың 16 мақаласы мен рецензияларында жарияланған еді.



× 1960 жылы 20 қарашада диссертация жөніндегі алғашқы пікірінде ғылыми жетекшісі М.О. Әуезов: « Кандидаттық диссертация үшін өте үлкен және сирек ұшырасатын көлемді еңбек (584 бет) жазу айлар, жылдар бойындағы көп жұмыс жасалғандығын байқатумен қатар көзге түсетін ең бастысы - еңбектің мазмұны, жинастырылған мағлұматтарды қорыту әдістері. Сүлейменовтің терең білгірлігі мынадай қорытынды шығаруға себеп болады: диссертант ғылыми жұмыс атқаруға толық даярлығы бар адам, іскер және көп нәтиже шығара алатын зерттеуші». Ғұламаның берген бағасы, жас зерттеушіге артқан үміті көп ұзамай толық ақталады. Сөз орайында айта кетейік, « Мұхтар Әуезовтің аспирантына талап қойғыштығын, 584 беттік қолжазбаны бір аптаға жеткізбей оқып бергенін Р.Сүлейменов өмір бойы тамсана еске алумен болды»- деп жазады шәкірті, ҚР ҰҒА академигі Х.М. Әбжанов.

- × Рамазан Бимашұлы жастарға көп уақытын жұмсап, ғылымдағы ынта-жігерін үнемі қолдап отырған. Ғалымның шәкірттерінің бірі, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің профессоры Сағынғали Әбубәкіров ұстазын былай деп еске алады: “Біз, шәкірттері, Рамазан Бимашұлын еңбекқорлығы, қарапайымдылығы, әділдігі (ол кісі кейбіреулер сияқты оңтүстік, солтүстік, батыс, шығыс деген жершілдік, жүзшілдік, рушылдық ауруына шалдықпай, таза өтті) үшін сыйлайтынбыз. Ғылымға жаңа ене бастаған аспирант болсын, оң-солын танып қалған докторант болсын, жарияланған немесе сиясы да кеуіп үлгермеген азынаулақ дүниелерін апарғанда, балаша қуанып, бір жасап қалушы еді. Алғаш оқитын да, сынайтын да, түзететін де өзі болатын. Мұндай сәттерді ұмыту мүмкін емес. Рамазан ағамыз мен сияқты шәкірттері үшін қанша оқыса да таусылмаған, таусылмайтын аяулы кітаптай еді”.

- × 2001 жылғы 16 ақпанда Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының мәжіліс залында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бөлімі, Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Ш.Ш.Уалиханов атындағы Тарих және этнология институтының ұйымдастыруымен аса көрнекті ғалым, академик Рамазан Бимашұлы Сүлейменовтің 70 жылдық мерейтойын атап өткен жиын болды. Жиынға ғалымның замандастары, қызметтес болған достары, шәкірттері, туыстары, отбасы мүшелері, құда жекжаттары келді. Еске алу кешін Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының Президенті Нағима Әбенқызы Айтқожина сөз сөйлеп ашып, одан әрі өзі жүргізді.



« Рамазан бір жыл туған түлек еді. Ерте арамыздан кетті. Рекең сырбаз, ойы да, бойы да биік сұлу жан еді. Істе де, түзде де толып отырады (Абайдың толық адам дегенін еске алыңыз). Күлімсіреп, көз әйнегін түзеп қойып, көңілдеген сәтте Шапибайауын айтатын. Қоңыр дауысы асқақтап кететін. Барша жаратылысы сұлу Рекең ғылымның да құлы еді. Рамазан ақкөңіл, ашық жан еді. Ойын-тойда көңілді думанның қызуына елегізіп отыратын. Өңгіме айту мәнері өзгеше еді. Ол еуропалық ұлылардың айтқанын орынды пайдаланып, әдеби образдарды еске алып сөйлейтін. Өңгімеге беріле сөйлеп интонацияларын орынды қойып, тыңдаушыларын қызықтыратын. Бұл да оның мәдениеттілігінің бір қыры сияқты еді».

ҚР ҰҒА академигі Қозыбаев
Манаш Қабашұлы

«Қазақта мынадай бір қанатты сөз бар: "Ел үмітін, ер ақтайды, ер есімін ел сақтайды". Осы сөз Рамазан Бимашұлына арналған сияқты. Себебі Рамазан Бимашұлы өзінің бүкіл саналы өмірін, шығармашылық қызметін өмірінің соңына дейін халқының мәдениетін, ғылымын дамытуға арнады.

Менің өмірімде, жұмыс бабында кездескен адамдарым аз болған жоқ. Бірақ соның ішінде ең сүйкімділерінің бірі Рамазан Бимашұлы еді. Рамазан Бимашұлы өте жылы жүзді, ешуақытта бір қатты сөз айтпайтын. Бірақ ол тек момақан адам емес, еңбекқор адам еді, Мәдениеті биік еді. Соңғы уақытта Еуразияны көп айтып жүр ғой. Соның бірінші, әуелі болып айтқанның бірі Рамазан Бимашұлы болатын. Себебі, ол кісі Еуропа мен Шығыстың мәдениетін жалғастырған, соның ұлы адамдарының шығармаларын терең зерттеп, түсінген қазақ азаматтарының бірі еді».

ҚР ҰҒА академигі: Сұлтанғазин Өмірзақ Махмұтұлы,

Рамазан жігіттің сұлтаны еді, мүсіні сұлу жігіт әрі керемет әнші болатын. Ұлы Абайдың сөзіне жазылған С.Мұхамеджанның романстарын өте жақсы орындайтын. "Дүниеде сірә сендей маған жар жоқ, саған жар менен артық табылса да" деген өлең жолдарын шырқайтын тұстары әлі есімде...

Рамазанның екінші қасиеті арлы, ұяты мол жігіт еді».

ҚР ҰҒА академигі Нүрпейіс Кеңес Нүрпейісұлы

«Рамазан өткен ғасырдың 80-жылдары Абылай ханға орай арнайы тарихи зерттеу кітабын жоспарлайды. Бұл еңбек жазылып болғаннан кейін Рамазан оны баспаға әкеледі. Сол кезде баспа цензурасы оның "Абылай хан" атты монографиясын басқаша атауға оны мәжбүр етеді. Бұрынғы аттың орнына кітапты "Из истории Казахстана XVIII века" (А., 1998) деген атпен шығарады. Дегенмен кітаптың "О внешней и внутренней политике Абылая" деген қосымша атауын зорға сақтап қалдық деп Рамазанның айтқаны әлі есімде».

ҚР ҰҒА академигі Смағұлұлы Оразақ

Тарих ғылымдарының докторы, профессор: «Рамазан Бимашұлы жаратылысынан зерек, алғыр, талантты жан болатын, ол орысшаға жетік, ұстараның жүзіндей өткір тілді, сөзге шешен кісі еді. Сондықтан да оның республика мәдениетінің тарихына арналған еңбектерінің ғылыми да, теориялық та мазмұны терең, құнды дүниелер, оның бұл еңбектерін осы саланың мамандары СССР Ғылым академиясының академиктері М.П.Ким, В.А.Куманев тағы басқалар жоғары бағалайтын».

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Балақаев Төлтай,

« Рамазан Бимашұлының өмірі мен ғылымдағы жолы-әрі ісіне жауапкершілік және адалдық, мамандығына шын берілгендік, халқының мәдени мұрасына жаны ашып қараушылық, бәрі де-жас ғалымдар үшін үлкен өнеге».

профессор:

Тарих ғылымдарының докторы,

Құдайбергенов Әбілхан Нұрғалиұлы






« Р.Б. Сүлейменов жастарды қолдап, олардың аспирантурадағы, докторантурадағы ғылыми құлшыныстарын дамытуға көмектесетін, көпшіл болатын, әсіресе өзі ғылымға деген сүйіспеншілігін анық байқаған жас ғалымдармен (Н.Е.Масанов, В.А.Моисеев, Т.К.Бейсембиев, Р.М.Мұстафина және т.б) білімі мен ойларын бөлісуді ұнататын, онымен әртүрлі ғылыми және өмірлік проблемалар жөнінде пікір алысу қызық еді. Өзінің қарапайымдылығымен, дарқандылығымен және демократиялығымен баршаны баурап тұратын.

Тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі Әбусейітова Меруерт Қуатқызы



Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының ұжымы





"Ғалымның хаты өлмейді" демекші, Р. Б. Сүлейменовтің артында қалған мұра, ұрпақтардың игілігіне қызмет ете беретін байлық. Ал осы мұраны бүгінгіден де тиімді пайдалану үшін және кейінгі ұрпақтың жадында ғалымның атын сақтау нақты шараларды жүзеге асыру керек. Олардың біршамасы қазірдің өзінде атқарылды. Айталық, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Шығыстану институтына, Алматыдағы, Нұр-Сұлтандағы бір көшеге академик Р. Б. Сүлейменовтің аты берілді, ғалым тұрған үйдің қабырғасына ескерткіш тақта орнатылды.

Ендігі жерде мынадай істерді қолға алса ләзім болар еді:

1. Рамазан Сүлейменовтің шығармалары негізінен орыс тілінде жазылған, Солардың күні бүгінге дейін маңызын жоймағандарын, әсіресе Абылай хан, С. Асфендияров, П. В. Волобуев, М. П. Ким, Қ. Сәтбаев, М. Әуезов, Ә. Марғұлан, А. Нүсіпбеков, Г. Ф. Дахшлейгер, С. Бейсембаев жайлы жазғандарын қазақшаға аударып, жинақ ретінде шығарса, артықшылық етпес еді.
2. 1994 жылы өткен I Сүлейменов оқулары жалғасын таппай қалды. Бұл іске Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты лайықты мән беріп, қайта оралуы керек.
3. ҚР Білім және ғылым министрлігіне қарасты қоғамтану ғылыми зерттеу институттарының бірінде еңбек ететін әрі мәдениет тарихы мен теориясын, шығыстану мәселелерін зерттеуде үздік нәтижелерге жеткен жас ғалымдар үшін Р. Б. Сүлейменов атындағы сыйлық тағайындалса, мәдениеттану мен шығыстану ғылымының ілгерілуіне септігін тигізер еді.
4. Рамазан Сүлейменовтің серіктері, өріптестері, шәкірттері осынау азамат туралы естеліктерін жазып, оны жеке кітап етіп шығаратын уақыт жетті.
5. Ғалымның туған қаласы Нұр-Сұлтанда мектепке академик Р. Б. Сүлейменов атын берсе артықтық етпес еді.

Дюсенова Нурсулу Кенебаевна
кандидат исторических наук

Значение архивных материалов в изучении истории политической репрессии в 1920-50-е годы XX века в Казахстане

В 1993 году был принят Закон «О реабилитации жертв массовых политических репрессий». В 1997 году указом Первого Президента Республики Казахстан – Елбасы Нурсултан Назарбаевым 31 мая объявлено днем памяти жертв политических репрессий.

Для завершения работы по восстановлению исторической справедливости - Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаев поручил создать Государственную комиссию по реабилитации жертв политических репрессий.

Президент подчеркнул, что политические репрессии 20-50-х годов XX века – печальная страница в истории народа. С обретением Независимости Казахстан на государственном уровне принял меры по увековечиванию памяти жертв трагедии.

3 декабря 2020 года состоялось первое заседание Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий под председательством Государственного секретаря Республики Казахстана Крымбека Кушербаева. 24 ноября 2021 года Глава государства подписал Указ «О Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий».

В состав Государственной комиссии вошли представители Администрации Президента и Правительства, депутаты Сената и Мажилиса Парламента, руководители заинтересованных государственных органов, представители общественных организаций и ученые.

Целью создания государственной региональной комиссии г. Алматы и Алматинской области, является, изучение, подготовка заключения и рекомендаций для полной юридической и политической реабилитации участников политических выступлений народа, общественных и политических организаций, индивидуально боровшихся за независимость и территориальную целостность Казахстана, а также лиц, подвергнутых государственному преследованию и репрессиям за эти идеи в служебной, научной, культурной и других сферах.

В этой связи привлечение новых, ранее не изученных архивных материалов позволяет более расширенно рассмотреть проблему данной темы.

В частности в Государственном научно-ведомственном архиве (ГНВА) «Ғылым Ордасы» МОН РК были изучены документы и материалы ф. 11 оп. 39 - Отдел истории Казахстана Советского периода, ф. 11. оп. 40 - Отдел истории нового времени и истории делопроизводства, ф. 11. оп. 44 - Отдел истории современного периода, ф. 11. оп. 542 - Отдел истории Казахстана Советского периода. Протоколы, ф. 1. Оп.1. Д. 63 – Постановление СНК

КазССР, ф. 1. Оп. Д. 650 – Постановление и протоколы заседания Президиума, ф. 1 Оп. 1. Д. 476 – Отчеты о научной деятельности, ф. 1 Оп. 1. Д. 509 – Постановление Совета Народных Комиссаров КазССР и материалы к ним, ф. 1. Оп. 1. Д. 473 – Стенограмма доклада Президиума Казахского филиала Академии Наук СССР от 26.11. 1939 г., ф. 1. Оп. 1. Д. 476 - Отчет о научной деятельности Казахского филиала Академии СССР и материалы к нему за 1939 год, ф. 1. Оп. 1. Д. 466 – Выписки из протоколов заседаний бюро ЦК КП(б) Казахстана от 8.01.1939 г.- 4.10.1939 г.

В ходе изучения выше названных фондов были выявлены материалы и обнаружены дела под грифом «Совершенно секретно» о видных государственных деятелях и казахской научной интеллигенции.

Так, в фонде 1 Оп. 1. Д. 21 Специальная часть, выписка из протоколов ЦК КП (б)К. Постановление СНК и докладные записки о расхищении казахскими националистами фольклорных и этнографических материалов и других памятников национальной культуры.

В докладной записке от 25 января 1939 года секретарю ЦК КП(б)К товарищу Скворцову «О национал-фашистской банде» заведующим сектором языка С. Аманжоловым и ученым секретарем А.А. Савченко: «Национал-фашистская банда, долго орудовавшая на культурном фронте, много навредила и в области литературы, в частности в деле обнародования устного народного творчества (фольклора).

Фольклор, это богатейшее наследство, памятник национальной культуры, привлекал внимание и служил объектом изучения отдельных видных ученых – востоковедов еще до Октябрьской революции. Незначительная часть из собранных ими фольклорных материалов в свое время была опубликована. Огромная часть этих материалов не могла увидеть света и осталась в законсервированном виде. Особенно нужно здесь отметить, что А. Диваев как до революции, так и после революции лично сам собирал много материала и организовывал отряды и экспедиции в Сыр-Дарьинскую и Жетысуйскую губернии, в результате чего собраны материалы разнообразных жанров и все они, в объеме не менее 100 печ. листов, были представлены в 1923-34 г. в Казнаркомпрос.

Кроме того, начиная с 1920 г. в этой работе принимали активное участие аульные мугалимы, учащаяся молодежь. В то время (с 1923 г. по 1928 г.) непрерывно поступали в Наркомпрос многочисленные фольклорные материалы. В эти годы Казнаркомпрос буквально был завален различными жанрами народного творчества в рукописях.

Вопросом собирания фольклора занималось и существовавшее в то время Общество краеведения. В это Общество также поступала масса ценных фольклорных и этнографических материалов на казахском языке.

Все это народное достояние – труды многих честных тружеников – присвоено и расхищено казахскими националистами во главе с Байтурсиновым. В 1929 году, после ареста последнего эти материалы были

присвоены С. Сейфуллиным, Шононовым, Жолдыбаевым, С. Асфендияровым, А. Жубановым и др. Майлин, Жансугуров, Лекоров, Тогжанов и другие расхитили рукописный фонд Общества краеведения. Кроме того эти национал-фашистские элементы, пользуясь своим служебным положением, без всякой расписки получили и присвоили много книг из библиотек КазГУ, КазПИ, Г.П.Б., Центрального музея и др. Эти книги являются редчайшими экземплярами по востоковедению и туркологии. Благодаря вредительской их (национал-фашистов) деятельности и в этой области, ни одна наша библиотека по ряду вопросов не отвечает требованиям научных работников (историков, языковедов, литераторов), желающих заниматься глубоким изучением той или иной проблемами по своей специальности. В то время еще не существовало ни Института Национальной Культуры, ни сектора языка и литературы КФАН.

Сектор языка и литературы Казахского филиала Академии Наук Союза ССР вплотную приступил и собиранию, исследованию публикации фольклора казахского народа с одной стороны, учета и фиксации лексического богатства казахского языка – с другой, испытывает большую нужду во всех этих материалах.

В целях исследования и опубликования казахского фольклора, необходимо использовать фонды приступно присвоенно ныне разоблаченными врагами народа Асфендияровым, Жубановым, Лекоровым, Тогжановым, Жолдыбаевым, Шонановым, Сейфуллиновым, Жургуленевым, Жансугуровым, Майлиным, Кабуловым, Алибаевым, Турмановым и Есенжановым.

Казахский филиал Академии Наук Союза ССР просит вас оказать содействие предоставлению нам возможности использования всех этих материалов выше указанных лиц органами НКВД».

«Исх № 15-с от 17 марта 1939 года в секретном документе УГБ НКВД КазССР начальнику АХО тов. Кононову в целях реализации постановления Бюро УККП (б) К от 2 марта 1939 года протокол №47 п. 4/И договоренность с НКВД КССР товарищем Бурдаковым прошу среди конфискованных имуществ разоблаченных врагов народа отыскать и передать казахскому филиалу Академии Наук фольклорные, этнографические материалы, ценные книги по востоковедению и т.п.

Список лиц у коих могли быть материалы, указываются ниже. В случае необходимости просьба связаться с нами по телефону 39-78. Жансугуров Ильяс, Майлин Беимбет, Сейфуллин Сакен, Тогжанов Габбас, Талжанов Саиджа, Шононов Тельжан, Лекеров Азымбай, Жалдыбаев Молдагали, Галимжанов Фаизулла, Байтурсинов Ахмет, Жургуленев Темирбек, Камалов Сагир, Каратаев Мухаметжан, Жубанов Худайберген, Турманжанов Утебай, Мамытов Ахмет, Туракулов Назар, Рыскулов Турар, Асфендияров Санджар, Кабулов Ильяс, Жаманкулов Рахымжан, Таштитов Кайсар, Искаков Даниал, Омаров Ельдос, Даулетбаев Монкаит, Арстанов Жуспбек, Лепесов Султан, Мусин Айтке, Кайпназаров Мустафа, Ходжанов Султанбек, Жумабаев

Магжан, Алибаев Абат, Берденов Тайжан, Алыканов Шарафа, Ермеков, Шанин Жумат, Утепов, Есенжанов Хамал, Жиенгалиев Афаал, Абдуллин Калжан, Темирбеков Зарал, Тичиков Кадр, Куанышев Кадр, Джандосов Ураз, Букейханов Алихан, Манаев Нугман, Мамет. Зам. Председателя Казахского филиала Академии Наук. Г.А. Ибрагимов». Конфискованные материалы передаются органам НКВД.

Народный комиссариат внутренних дел СССР (НКВД СССР, Наркомвнудел) – центральный орган государственного управления СССР по борьбе с преступностью и поддержанию общественного порядка, в 1934-1943 годах (с перерывом с 3 февраля по 20 июля 1941 года) - также и по обеспечению государственной безопасности. Образован постановлением ЦИК СССР от 10 июля 1934 года. В состав НКВД СССР вошло Объединённое Государственное Политическое Управление СССР, переименованное в Главное управление государственной безопасности (ГУГБ). В сфере ответственности НКВД находились коммунальное хозяйство и строительство, другие отрасли промышленности, а также политический сыск и право вынесения приговоров во внесудебном порядке, система исполнения наказаний, внешняя разведка, пограничные и внутренние войска, контрразведка в армии. В последствии в 1946 году преобразован в МВД СССР.

Массовые репрессии 1937-1938 годов получили правовую основу в конце 1920-х в начале 1930-х годов, которые дополнялись приказами и распоряжениями ОГПУ-НКВД. Местные органы власти, проявляя «инициативу» находили «врагов народа». Жертвами политических репрессий стали казахские баи, кулаки, представители духовенства, средний класс, служители культа, научная и творческая интеллигенция, индивидуально борющихся за независимость и территориальную целостность республики, а также лица, подвергнутые государственному преследованию за идеи в служебной, научной, культурной и других сферах.

В 1937-1938 годы из представителей казахской интеллигенции пострадало 66 тыс. человек, внесшие значительный вклад в развитие образования, культуры, науки, борющихся за независимость казахского народа, среди которых государственные и общественные деятели Казахстана С. Кожанов, Т. Рыскулов, У. Кулымбетов, О. Жандосов, Ж. Султанов и многие другие.

В 20-50-е годы XX века политическую репрессию и гонения прошли около 100 тысяч казахстанцев, более 20 тысяч из которых были расстреляны. В числе осужденных видные государственные и политические деятели, как А. Бокейханов, А. Байтурсинов, М. Тынышпаев, М. Дулатов, М. Жумабаев, С. Сейфуллин, И. Жансугуров, Б. Майлин, С. Асфендияров.

На примере архивных материалов раскрываются трагические судьбы выдающихся людей и отрицательные последствия жертв политических репрессий. Часть населения была репрессирована, часть умерли от голода,

некоторые вынуждены были покинуть страну, спасаясь от преследования НКВД, многие были осуждены на длительные сроки заключения, также были устроены массовое гонения против интеллигенции из научных учреждений, учебных заведений и организаций.

Таким образом, изучение архивных материалов учреждения республики, разоблачает тоталитарную систему, подразумевающий абсолютный (тотальный) контроль государства над всеми аспектами общественной, частной жизни и дает возможность раскрыть, осветить более объективную историю прошлого.

В завершении хотелось бы подчеркнуть, что Указ Президента РК Касым-Жомарта Токаева «О Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий» привлекла особое внимание не только научной общественности, но и всех, кто высоко ценит историю прошлого и думает о будущем. Современному поколению нужно помнить трагическое страницы истории и предостеречь от повторения в будущем.

Литература:

1. Қызыл қырғын (Құраст. Қ. Қасенов, Ә. Төреханов). – Алматы: Қазақстан, 1994. – 80 б.
2. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. - Алматы: «Ататек», 1995. – 256 б.
3. Аяган. Красные и черные (материал Гуверского архива). – Алматы, 2005. – 240 стр.
4. К. Нұрпейіс. Тарихи тұлғалар. – Алматы, 2007.
5. Дүйсенова Н. Алаштың қилы жолдары. Алматы, 2008. – 172 б.
6. Алашорда, Энциклопедия // Құраст.: Ғ. Әнес, С. Смағұлова. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 544 б.
7. Жетісулық Алаш зиялылары. Зерттеулер мен деректер. Алматы: «Үш қиян» баспасы, 2016 ж. – 296 б.
8. Дүйсенова Н. Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін тарихы: оқу құралы. Алматы: Эверо, 2017. – 136 бет.
9. Әлихан Бөкейхан. Энциклопедия // Бас. Ред. Ж.Тойбаева.- Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2018. – 784 б.

*Максутова Альбина Абеновна
М.Х. Дулати атындағы
Тараз өңірлік университеті,
аға оқытушы, PhD докторант*

**Академик Рамазан Бимашұлы Сүлейменовтің қазақ тарих
ғылымына қосқан үлесі**

Рамазан Бимашұлы Сүлейменов – қазақ тарихшысы, мәдениет мәселелерін зерттеуші, шығыстанушы, қазіргі атындағы Шығыстану институтының ұйымдастырушысы, тарих және этнология институтының Қазақстан тарихы бөлімінің бірінші меңгерушісі болған. Ол XX ғасырдың ұлттық тарихшы ғалымдарының үшінші буынын ұсынды. Ә.Бөкейханов, С. Асфендияров, Т. Рысқұлов, Х. Досмұхамедов, М. Тынышпаев және т.б. көрнекті өкілдері болған зерттеушілердің бірінші буыны 1937-1938 жылдары тоталитарлық режиммен жойылғаны белгілі. Кәсіби тарихшылардың екінші буыны XX ғасырдың 30-жылдарының аяғы мен 40-жылдарының ортасында өсті. Ол Ә.Марғұлан, Е. Бекмаханов, А. Тұрсынбаевтың іргелі зерттеулерімен өзін танытты. Кейін Ә.Нүсіпбеков, С.Бейсембаев, Г. Ф.Дахшлейгер, Т. Елеуов, К.Ақышев, А.С.Елагин және басқалардың алғашқы еңбектерімен толықтырылды. Өткен ғасырдың 50-ші жылдарының соңына қарай республиканың тарих ғылымына жаңа жас күштер келді. Р. Сүлейменов, М. Қозыбаев, М. Асылбеков, Қ. Нұрпейісов, О. Исмағұлов, М. Мұқанов, Е. Масанов үшінші буын ғалым-тарихшыларының шығармашылық өркендеу жылдарында ұлттық тарих ғылымы бүкілодақтық мойындауға ие болды. Авторлар тобы Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығына ие болған "Қазақ КСР тарихы" Бес томдық жинағы жарыққа шықты, археология, этнология, Отандық тарих, тарихнама және деректану бойынша терең зерттеулер халықтың қоғамдық санасын қалыптастырудың қуатты факторына айналды, әлемдік кітапханалардың кітап сөрелерінде көрнекті орын алды. Бұл жетістіктердің барлығында Р.Б.Сүлейменовтің еңбегі зор деп айту артық болмас.

Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты директоры, белгілі шығыстанушы-ғалым, ф.ғ.д., профессор Дүкен Мәсімханұлы конференцияға қатысушы қонақтарды Р.Б. Сүлейменовтің 90 жылдық мерейтойымен құттықтай келе: “Егемен еліміздің Шығыстану ғылымы – Р.Б. Сүлейменов есіміне қарыздар. Өйткені, ол ең алғашқы Шығыстану орталығының құрушысы және тұңғышқы директоры. Ол 1992 жылдың 13 ақпаны еді. 1996 жылы шығыстану орталығы Шығыстану ғылыми-зерттеу институты болып қайта құрылса, 1998 жылы Қазақстан Үкіметтің шешімімен, институтқа Рамазан Бимашұлы Сүлейменовтің есімі берілді. Бүгінгі күні Шығыстану институты республика және шетелдерде өзінің ірі ғалымдары және іргелі зерттеулерімен кеңінен мәлім ғылыми орталыққа айналды” деді. Академик ғалымның ұлы жазушы М.Әуезовтің шәкірті болғандығын, асқан талантты

әнші екендігін, шебер ұйымдастырушы, іскерлігін тілге тиек етті. Сонымен бірге, Абылай ханның ұлы тұлғасын, елі үшін еткен еңбегін зерттемек түгілі, есімін айтудың өзі қиын заманда, ол туралы монографиялық еңбек жазғаны – Р.Б. Сүлейменовтің ерлікке парапар іс жасағандығының дәлелі екендігін еске алды. Рамазан Бимашұлы Сүлейменов 1931 жылы 17 ақпанда Ақмолада (қазіргі Астана) дүниеге келген, оның әкесі Бимаш революцияға дейінгі жылдары Сәкен Сейфуллинмен жақын араласып, "Жас қазақ" жастар ұйымында болған. Р. Б. Сүлейменовтің анасы Мариям апа кезінде қандай да бір білім алмаса да, жігерлі, тікелей, батыл мінезді әйел болатын. Бимаш пен Мәриям Сүлейменовтердің тоғыз баласы дүниеге келді: ұлдары Нұркен, Сұлтан, Рамазан, Тимур, Совет, қыздары Гаухар, Хадиша, Рауза, Бақытжан. Олардың екеуі Нұркен мен Сұлтан Ұлы Отан соғысы майданында қаза тапты.

Үлкен, көп балалы отбасы оңай өмір сүрмеді. Ата-анасына көмектескісі келген Рамазан, мектеп жылдары еңбек өмірбаянын бастаған. 1951 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі Қазақ ұлттық университеті) философия факультетінің сырттай студенті болды. Әл-Фараби), бір жылдан кейін күндізгі оқу бөліміне ауысты. Соңғы курста философия факультетінің жойылуына байланысты ол тарих факультетінде оқуын жалғастыруға мәжбүр болды. Мықты, жұмысқа қабілетті, сүйкімді студент Р.Сүлейменов әрқашан комсомолдық белсенділер және оқу озаттарының қатарында болды. Тамаша философиялық дайындықпен ол революциялық қозғалыстардың, қоғамдық-саяси ойдың, әдеби процестердің тарихына қызығушылық танытты. 1954 ж. "Казахстанская правда" және "Лениндік ауысым" беттерінде Ғ. Мүсірепов пен Б. Соқпақбаевтың кітаптарына студент Рамазанның қысқаша рецензиялары шықты. Оның дипломдық жұмысы Г.В. Плехановтың тарихи көзқарастарын зерттеуге арналды. 1956 жылдың 15 қазанында емтиханды сәтті тапсырып, тарих, археология және этнография институтының аспирантурасына қабылданады. Бұйрыққа институт директоры А.Нүсіпбеков қол қойды, аталған шешімді ҚазКСР Ғылым Академиясының президенті академик Қ. И. Сәтбаев бекітті. Әрине, сол күндері жас аспирант оның бүкіл өмірі ғылыми-зерттеу институтымен, Ғылым академиясымен байланысты болады деп ойлаған жоқ. Жалпы, 1956 жылы Р.Б. Сүлейменовтің өмірінде ерекше орын алады. Ол үздік дипломмен университет дипломын алды, өзінің курстасы – сұлу қыз Қамбарова Нұрқамал Нығметқызына үйленді және ақырында үлкен ғылымға есігін ашты.

Р.Б. Сүлейменовтің тарихшы-ғалым ретінде қалыптасуы өтпелі және ұзаққа созылмады. Бұған табиғи талантпен қатар бірқатар объективті себептер ықпал етті. Біріншіден, институтта Ә.Марғұлан, Б. Сүлейменов, Г. Дахшлейгер, Х. Алпысбаев сияқты көрнекті зерттеушілер жұмыс істеді. Олармен шығармашылық қарым-қатынас Рамазан Бимашевичтің кәсіби өсуін жеделдетті. Екіншіден, КОКП XX съезінен кейін Хрущевтің "еруі" ғылыми ойды сталинизмнің догмалары мен канондарынан босатты. Бұл тұрғыда Р.Б. Сүлейменов "алпысыншы жылдар" кезеңіне жатады. Үшіншіден, ғылыми

жетекші Әлем әдебиетінің классигі Мұхтар Әуезов болды. Ұлы жазушының өзінің аспиранттары мен студенттеріне деген талабы, оның ғылым мен ғылыми шындыққа ұқыпты көзқарасы болашақ академиктің адами және кәсіби қасиеттерін қалыптастыруға шешуші әсер еткені сөзсіз.

Ғылыми жетекшісінің кеңесі бойынша аспирант Р.Б. Сүлейменов "Қазақстандағы екінші және үшінші бесжылдықтардағы мәдени құрылыс (1933-1940 жж.)" тақырыбы бойынша кандидаттық диссертация қорғады. Бұл Отандық тарихнаманың жаңа, зерттелмеген бағыты болды. Ол күш пен энергияның тиісті шығындарын талап етті. Аспирант қиындыққа тап болған жоқ. 1957 жыл бойы проблеманы ғылыми танудың әдіснамасы мен теориясын игеруге, зерттелетін кезеңнің мұрағаттық материалдарын, мерзімді баспасөз деректерін анықтауға, кандидаттық емтихандарға дайындауға кетеді. Латын графикасындағы қазақ газеттері мен журналдарын оқуға да көп уақыт кетті. Ең қуанышты сәт – Сүлейменовтер отбасының тұңғышы Еркін дүниеге келді. Бірақ 1958 жылы Р.Б. Сүлейменов "Қазақстанның партиялық өмірі" журналы мен "Казахстанская правда" газетіне екі мақала және екі рецензия жариялайды. Солардың бірі қазақстандықтарды археолог Х.Алпысбаев тас ғасыры тұрақтарының тамаша ашылуымен таныстырды. Кейінірек дәл өзі Е. Бекмахановпен «Қазақстан тарихы хрестоматиясын» ашқан.

Ауыр жұмыс аспирантураның соңғы жылында да жалғасты. Оның ерекшелігі, қазір жас зерттеушінің мақалалары академиялық ғылыми журналдарда жарияланды. Р.Б. Сүлейменов алғаш рет С. Асфендиаровтың ғылыми мұрасына жүгінеді. Бұл мәселеге деген қызығушылық пен ықылас ол бүкіл өмірін сақтап қалды, материалдарды тынымсыз жинады, С.Асфендиаровтың туыстарымен, студенттерімен және серіктестерімен хат жазды. Алайда мезгілсіз қайтыс болуы оған Қазақстанның тұңғыш тарихшы-марксистінің өмірі мен шығармашылығы туралы монографиялық зерттеу жазуға мүмкіндік бермеді.

1959 жылы аспирантураны бітіргеннен кейін Р.Б. Сүлейменов институтта кіші ғылыми қызметкер болып қалды. Ол ғылыми ізденіс бағыттарын айтарлықтай кеңейтеді. Оның мақалаларында сауаттылық үшін күрестің, халық арасындағы мәдени-ағарту жұмысының, мәдени революцияны жүзеге асырудың өзекті мәселелері көтеріледі. Көп ұзамай ол диссертациялық зерттеуді аяқтайды, онда мәдени-идеологиялық жұмысты, халықтық білім беруді, ғылымды, әдебиет пен өнерді ұйымдастырудың қорытындылары мен сабақтары бай ақпараттық-дереккөз негізінде зерттелді. Ең ұмытылмас күн 20 жылы 1960 қарашада, Р.Б.Сүлейменов диссертация қолжазбасына ғылыми жетекшінің пікірін алды. Өз еңбегін тарихи шолуға, мәдени құрылыстың халықтық білім беру, республикадағы еңбекшілердің мәдени-саяси ағарту, жоғары білім мен ғылымды дамыту, әдебиет пен өнерді дамыту сияқты салаларын жария етуге арнаған Р.Б.Сүлейменов әрбір жекелеген жағдайда фактілерді жан-жақты ашып көрсете отырып, бір мезгілде Қазақстандағы мәдени құрылыс жолындағы көптеген кедергілерді, қиындықтарды,

қайшылықтарды ашады. Ол зерттеуші, мүдделі құрылысшы және өз Республикасындағы мәдениеттің маңызды құбылыстарын сыни тұрғыдан ойлайтын білуші ретінде мәдени құрылыстың көптеген жекелеген салаларын дамыту жолдары мен проблемаларын талқылайды.

Осы уақытқа дейін Р.Б. Сүлейменов қалыптасқан ғылыми қызметкер ретінде ғана емес, сондай-ақ өте перспективалы және жемісті ғалым ретінде танылды. Мәскеуде (1962 ж.) жарық көрген "одақтас республикалардағы социалистік мәдениеттің дамуы" ұжымдық монографиясын және "Қазақ КСР тарихы. Социализм дәуірі" (1963 ж.) мақаласын Қазақстанның жетекші тарихшы-ғалымдарының қатарына енгізді. Сонымен бірге, ғылыми жиында Р.Б. Сүлейменовтің Алаш арыстарын ақтауға сіңірген ерен еңбегі де лайықты аталып өтті. Айталық, Р.Б. Сүлейменовтің Т. Жүргенов, С. Асфендияров, Г. Тоғжанов, Т. Рысқұлов, Қ.Қ. Жұбанов туралы жазған мақалалары мен зерттеу кітаптары – оның бегзат болмысымен қатар, шын зиялыға тән адамгершілік қасиетін байқатады.

Қорыта айтқанда, Р.Б. Сүлейменовтің екі бесжылдықтағы Қазақстандағы мәдени құрылыстың ұзақ, жан-жақты және кең жолдарын көрсететін осы диссертациялық жұмысы республикада кеңестік мәдениет тарихын жасау кезінде толық құқықпен пайдаланылуы мүмкін, сондықтан оны тарих ғылымдарының кандидаты дәрежесіне диссертация қорғауға негіз ретінде ұсынуға әбден лайық.

МАЗМҰНЫ/ СОДЕРЖАНИЕ

Д. Мәсімханұлы. Алғысөз.....	4
Р.Б.Сүлейменовтің өмірбаяны.....	5
Р.Б. Сүлейменов туралы естеліктер/Воспоминания о Р.Б. Сулейменове.....	22
Х.М. Абжанов. Три подвига академика.....	23
Ж.Б. Сулейменова. У каждого своё видение мира и у каждого собственное время.....	29
Е.Р. Сүлейменов. Выступление на конференции.....	32
Баяндамалар/ Доклады.....	34
З.Т. Рысбеков. Р.Б.Сүлейменов – көрнекті тұлғатанушы.....	35
К.Ш. Алимгазинов. Р.Б. Сулейменов: штрихи к биографии.....	44
А.Т. Капаева. Академическая историческая наука и вклад Р.Б. Сулейменова.....	59
Н. Базылхан. «Хүйс толгой-I, II » бітіктастарындағы брахми жазулы моңғолша мәтіндер жайлы.....	68
Г.К. Муканова. Афганская тема в исследованиях отечественных востоковедов.....	82
Б.Қ. Исабек. Архив құжаттары мен естеліктердегі академик Рамазан Сүлейменов бейнесі.....	85
Н.К. Дюсенова. Значение архивных материалов в изучении истории политической репрессии в 1920-50-е годы XX века в Казахстане.....	101
А.А. Максүтова. Академик Рамазан Бимашұлы Сүлейменовтің қазақ тарих ғылымына қосқан үлесі.....	106

**Академик Р.Б.Сүлейменовтің 90 жылдығына арналған «АКАДЕМИК РАМАЗАН
БИМАШҰЛЫ СҮЛЕЙМЕНОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНЫҢ
ДАМУЫ» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар
жинағы**

**Сборник материалов республиканской научно-практической конференции
«АКАДЕМИК РАМАЗАН БИМАШЕВИЧ СУЛЕЙМЕНОВ И РАЗВИТИЕ
ИСТОРИЧЕСКОЙ НАУКИ КАЗАХСТАНА» посвященной 90-летию академика
Р.Б.Сулейменова**

ISBN 978-601-08-1598-8



9 7 8 6 0 1 0 8 1 5 9 8 8